AIQYN
апта

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕНБІ №129 (4814)
14.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ШҰҒЫЛ ОТЫРЫСЫНДА ЖАСАҒАН

МӘЛІМДЕМЕСІ

Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшыларының ұсталғаны туралы мәлімет таратты. Ашығын айтқанда, бұл – мемлекеттік компанияларда жемқорлық белең алғанын көрсететін аса күрделі жағдай.

Жалпы, заң бойынша тергеу мәселелерін жариялауға немесе ашып көрсетуге болмайды. Оның үстіне, тергеу жұмысы да енді басталды.

Алайда қазірдің өзінде мына нәрсені анық айтуға болады: бұл – біз «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын жариялап, оны Конституциямызда мемлекеттік басқару мен қоғам өмірінің басты қағидаты ретінде бекіткелі бері біртұтас жүйеге кіретін мемлекеттік компанияларда болып тұрған сыбайлас жемқорлыққа қатысты алғашқы ірі іс.

Еліміздің Конституциясы 15 наурызда жалпыұлттық референдум кезінде бірауыздан қабылданды, 1 шілде күні заңды күшіне енді. Осылайша, мемлекетіміздің бас құжаты әділетті түрде «Халық Конституциясы» деп аталды.

Конституцияның ережелері мен баптарын бұзуға, халқымыздың осы қасиетті құжатын келемеж жасауға, кемсітушілік көрсетуге ешкімнің де хақы жоқ.

Конституция – мемлекетіміздің негізгі заңы, бұл – халқымыздың құқықтық төлқұжаты. Сондықтан Конституцияны күлкі қылу, оның негізгі ережелерін менсінбеу халқымызды кемсітумен бірдей. Ондай әрекет жасағандар «Заң мен Тәртіп» қағидатына сәйкес қатаң түрде жазаға тартылатын болады.

Мәселе мемлекетіміздің абыройы, қоғамның ұлттық институттарға деген сенімі, Қазақстанның халықаралық беделі туралы болғанда біз, халық билік ету өкілдігін берген тұлғалар, ұлт мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек етуіміз керек, сол үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Бұл – азаматтық және саяси борышымыз.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Фуджейра әмірлігінде болған жол-көлік апатында адамдардың қаза табуына байланысты БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға көңіл айтты.

Мемлекет басшысы қайтыс болған жандардың туған-туыстары мен бауырлас Біріккен Араб Әмірліктері халқының қайғысына ортақтасып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілеулес екенін жеткізді.

КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН НЫҒАЙТУ – НЕГІЗГІ БАҒЫТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің көлік-транзит саласын дамыту мәселесіне арналған шұғыл отырысы өтті.



Жиында халықаралық көлік дәліздерін дамыту перспективасы және еліміздің транзит әлеуетін нығайту шаралары қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары – Көлік министрі Әсел Жанасова, Қаржы министрі Мәди Такиев және Үкіметтің өзге де мүшелері саланың қазіргі ахуалы, жүзеге асырылып жатқан жобалар мен алдағы даму бағыттары туралы баяндама жасады.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы әлемде көлік-логистика байланыстарының жаңа жүйесі қарқынды түрде қалыптасып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында еліміздің транзит әлеуетін нығайтудың негізгі бағыттары айқындалғанына назар аударып, Қазақстан халықаралық көлік құрылымында проактивті позиция ұстануы керек екенін айтты. Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды орналасуы бірқатар артықшылық береді. Алайда мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі тасымалдың жылдамдығына және сенімділігіне, оның шарттары мен мерзімдерінің алдын ала айқын болуына, сондай-ақ тарифтердің тиімділігіне байланысты.

Ең алдымен, транзиттік жүктерді өткізу мүмкіндігін арттырып, отандық әуе тасымалдаушыларға жағдай жасау және теңіз көлігін дамыту керек. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев көлік саласындағы ахуалды сынға алып, инфрақұрылымды жаңа жағдайға дер кезінде бейімдеу стратегиялық дамудың шешуші факторы екенін жеткізді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ қызметін қатаң сынап, кірісті арттыру, қызметті оңтайландыру, соның ішінде цифрландыру құралдары арқылы компанияның жұмыс тиімділігін көтеру міндетін қойды.

Президент логистика орталықтарын кеңейту, шекаралық және кедендік рәсімдерді жетілдіру, саладағы барлық үдерісті кешенді цифрландыру, сондай-ақ жүктердің іркіліссіз өтуін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдағы кедергілерді жою мәселелеріне айрықша тоқталды.

Бұдан бөлек, «Заң мен Тәртіп» қағидатын сақтай отырып, инвесторларға, көлік-логистика компанияларына барынша қолайлы жағдай жасау қажеттігіне назар аударылды.

Осы орайда, Президент «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшыларының ұсталуына қатысты пікір білдірді.

Кеңес қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға көлік-транзит саласын одан әрі дамыту және Қазақстан аумағы арқылы өтетін халықаралық көлік бағыттарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде тиісті тапсырмалар берілді.

Тапсырмалардың орындалуын бақылау Қауіпсіздік Кеңесінің аппаратына жүктелді.

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады.



Президентке ведомствоның жыл басынан бері атқарған қызметінің негізгі нәтижелері баяндалып, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа терроризммен, экстремизммен, есірткі бизнесімен және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес аясындағы қолға алынған шаралар жөнінде есеп берілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ кибер және ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздік органы қызметінің бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ТАМЫРЛАС ТЕАТР



Тәуелсіздікпен түйдей құрдас Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры биыл 35 жылдық мерейлі белесіне көтерілді. Егемен елдің еңсесімен бірге тіктеліп, азаттықтың ақ таңымен қатар қанат жайған өнер ордасы осы жылдар ішінде қазақ руханиятының қарашаңырағына айналды. Ұлттық сахна өнерінің дәстүрін жаңашылдықпен ұштастырған театр талай тағдырды тартысты қойылымға, талай шындықты көркем шежіреге айналдырып, көрермен жүрегіне жол тапты.

→10-11

САЯСАТ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ШҰҒЫЛ ОТЫРЫСЫНДА ЖАСАҒАН МӘЛІМДЕМЕСІ

(Басы 1-бетте)



«Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқарады, ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асырады, аса ірі шетелдік компаниялармен және халықаралық қаржы институттарымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Түптеп келгенде, кез келген келісімнің, серіктестіктің артында ұзақ жылдар бойы жасалатын көптеген келіссөз, соның ішінде халықаралық қауымдастықтың елімізге деген үлкен сенімі мен мемлекетімізге жүктелген нақты міндеттер тұрады.

Тек соңғы үш жылдың ішінде, яғни 2023 және 2025 жылдар аралығында 3 168 сыбайлас жемқорлық бойынша құқықбұзушылық анықталды, соның ішінде 2 165 құқықбұзушылықты мемлекеттік қызметшілер жасаған, ал қалғанын басқа да тұлғалар, атап айтқанда, квазимемлекеттік сектор қызметшілері жасаған. Жалпы сомасы 248 миллиард теңгеден асады.

Осы жылдың он айы ішінде 751 сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасалған, соның 546-сын – мемлекеттік қызметшілер, ал 205-ін өзге де тұлғалар жасаған, соның ішінде квазимемлекеттік сектор қызметшілері де бар.

Осы статистикадан көріп отырғанымыздай, еліміздегі сыбайлас жемқорлық ахуалы күрделі болып тұр. Бірақ біз ешнәрсені де жасырмаймыз, басын құмға тыққан страустың кейпіне түспейміз. Біз осы саладағы мәселенің бәрін ашық айтамыз, жемқорлықты жою үшін қабылданған және қабылданатын шаралар туралы да ешнәрсені жасырмай, барлығын халыққа ашық көрсетіп отырамыз.

Сол себепті түрлі деңгейдегі басшылардың жымқыруға қатысты құқықбұзушылықтарын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі Бас прокуратурамен бірге жедел және жіті тексереді.

«Өзіміздікі» және «Өзіміздікі емес», тіпті «бөтен» деп бөлуге мүлде жол берілмейді. Өйткені Конституцияда заң мен сот алдында бәрі тең екені анық жазылды. Біз бәріміз де осы заңға бағынуымыз керек.

Жоғары лауазымға ие болу – әрқашан және әрдайым жүктелетін жоғары жауапкершілікті дұрыс түсіну деген сөз. Қоғамымызда атқаратын лауазымына, сіңірген еңбегіне не болмаса тамыр-таныстарына, соның ішінде туыстық байланыстарына қарамастан, ешкім де заңнан аттап кете алмайды. Бұл – мен үшін мызғымайтын, яғни өзгермейтін ұстаным. Соңғы кезде біз кейбір келісімдер мен шарттарды қайта қарадық. Меніңше, оларға қол қою қате шешім болған.

Бірақ биліктің кәсіпкерлерге кедергілер, тосқауылдар жасайтын ойы да, ниеті де жоқ. Керісінше, біз оларға әрдайым жан-жақты қолдау көрсетіп жатырмыз және алдағы уақытта да солай болады

Бәріңіз де білесіздер, мен келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын кәсіпкерлікті тексеруге арналған тағы бір үш жылдық мораторий жариялау туралы тапсырмамды бердім. Елімізде біртіндеп орныққан «Заң мен Тәртіп» құқықтық стратегиясының түпкі мәні де – осы: әділеттілік қағидатына және заң талаптарына сай көмекке мұқтаж адамдарға, сондай-ақ кәсіпорындарға қолдау көрсету.

Жағдай қаншалықты күрделі болса да «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының аппараты мен мемлекеттік компаниялардың, соның ішінде «Қазақстан темір жолының» жұмысы тоқтап қалмайды, үздіксіз жүре береді. Мемлекеттік компанияларға қарасты барлық мекемелер қалыпты тәртіппен жұмыс істеп жатыр.

Жалпы, бұған ешқандай себеп те жоқ. Керісінше, жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан күрес инвесторлар мен несие берушілердің аталған институтқа деген сенімін арттырып, олардың мейлінше тиімді, ашық және жемісті жұмыс істеуіне мүмкіндік береді деп санаймын.

Бас прокуратура жалпы сомасы 1,3 триллион теңгеден асатын заңсыз иемденген активтерді қайтарғанын еске саламын. Бұл қаражат 466 әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылысына жұмсалды.

Қазіргі таңда 383 нысан, соның ішінде медициналық мекемелер, сумен жабдықтау желілері, мектептер, спорт кешендері салынып бітті. Жұмыс жалғаса береді.

Қалыптасқан жағдайға қарағанда, нысандар қаншалықты сапалы салынғанын тексеруге себеп бар сияқты. Өйткені нысандардың, соның ішінде жолдардың сапасы талапқа сай болмайтын жағдай жиі кездеседі.

Дегенмен осы оқиғаның өзі жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар мемлекеттік компаниялардың ең осал тұсы, яғни басты дерті екенін айқын көрсетіп отыр.

Осы орайда, Үкімет пен бақылаушы органдар биыл 24 қарашаға дейін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтарды барынша азайту, квазимемлекеттік сектордағы компаниялар мен олардың қызметкерлерінің жұмыс сапасын айтарлықтай жақсарту жөнінде маған ұсыныс берсін.

Өздеріңізге мәлім, қазір біз жаңа тарихи кезеңге қадам бастық. Енді бір орында тұрып қалуға, бұрынғы жетістіктерді місе тұтып, арқаны кеңге салуға хақымыз жоқ. Әділетті Қазақстанды құру ісінде жалқаулық пен селқостыққа бой алдыруға болмайды.

Ал сыбайлас жемқорлыққа батқан ниеті теріс кісілер – біздің қас жауымыз. Олар қазірдің өзінде «Халықтық құрылыс» бағдарламасын іске асыруға кедергі келтіріп, зиян тигізуді ойлап жүр. Біз бұған, әлбетте, ешқашан жол бермейміз.

Барлық әлеуметтік инфрақұрылым нысандары, соның ішінде жолдар, әуежайлар, емханалар, оңалту орталықтары, шығармашылық үйлері, мектептер мен спорт кешендері сапалы салынуы керек. Бұл – мүлтіксіз орындалуға тиіс талап.

Мемлекет қаржысының тиімді жұмсалуын арнайы мемлекеттік комиссия қадағалайды. Оның құрамы келесі аптаның басында жарияланады.

Осылайша, біз халықтың әл-ауқатын арттыруды және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін түпкі мақсатымызды жүзеге асыруды бастаймыз.

Осы істе Конституциямызда бекітілген Заң, Әділеттілік және Тәртіп қағидаттары айнымас темірқазығымыз болады. Әрине, бұл жол оңай болмайды. Тіпті түрлі қиындықтар да кездесетіні анық. Халқымыз «Жол мұраты – жету» деп бекер айтпаған. Сондықтан табандылық танытып, алға қойған мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз.

ҚҰРЫЛТАЙ

ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАР МЕН МАСС-МЕДИА БОЙЫНША ТҮЗЕТУЛЕРДІ ҚАРАЙДЫ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен бюрода алдағы Құрылтай отырысының күн тәртібі жобасы бекітіліп, бірқатар жаңа заң жобасы жұмысқа қабылданды.



Құрылтайдың алдағы отырысының күн тәртібіне Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің ілеспе түзетулері енгізілді.

Заң жобасы Президенттің онлайн-платформаларға деструктивті контентті таратқаны үшін жүктелетін жауапкершілікті заңнамалық тұрғыдан бекіту, сондай-ақ балалар үшін қауіпсіз цифрлық орта құру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Атап айтқанда, түзетулер аясында жедел хабарлар сервистерін қоспағанда, он алты жасқа толмаған пайдаланушыларды әлеуметтік желілерде тіркеуге тыйым салу, онлайн-платформалар өкілдіктерін міндетті түрде есептік тіркеуге қою, білім беру курстарының авторларына қатысты жекелеген талаптар және басқа да шаралар қарастырылған.

Сондай-ақ 2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын екінші оқылымда қарау жоспарланып отыр. Үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджетті қалыптастыруды көздейтін, елдің негізгі қаржылық және әлеуметтік өлшемдерін айқындайтын құжатты Құрылтай 14 қазанда бірінші оқылымда мақұлдаған болатын.

Заң жобасын қарау барысында депутаттар Президент Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыру шеңберінде 2027 жылы бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін түзетулерді қолдаған. Олардың қатарында ең төменгі жалақы мөлшерін көтеру, учаскелік дәрігерлердің жалақысын 40%-ға дейін көбейту, инфрақұрылымдық және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру және басқа да мәселелер бар.

Қазақстан мен Сингапур арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісім жөніндегі ратификациялық заң жобасы да күн тәртібіне енгізілді. Бұл құжат екі елдің құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтады. Қылмыстық істерді тергеу, тінту жүргізу, банк шоттары туралы ақпарат алмасу және Қылмыстық жолмен алынған табыстарға қатысты шаралар қабылдау барысында дәлелдемелер алу үшін құқықтық негіз қалыптастырады.

Сондай-ақ депутаттар Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер арасындағы цифрлық экономика саласындағы әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қарайды. Құжат электрондық сауда, цифрлық төлемдер және киберқауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға, қазақстандық тауарларды түркі елдерінің нарықтарына кіргізуге және сауда кедергілерін азайтуға бағытталған.

Құрылтай отырысы барысында «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жолдауы туралы ақпаратты тыңдау да жоспарланып отыр.

Сонымен қатар бюро міндетті әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша түзетулерді және Ислам елдерінің Стандарттау және метрология институтының (SMIIC) жарғысын ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа қабылдады. Құжаттар қорытынды әзірлеу үшін тиісті комитеттерге жіберілді.

ҚҰРЫЛТАЙ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ҚАЗАҚСТАН БҰҰ АЛАҢЫНДА AI-QURYLTAI ЖОБАСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

2026 жылғы 12 қарашада Женевадағы Ұлттар сарайында Қазақстан делегациясы жасанды интеллект қолданылатын цифрлық парламенттік платформа – AI-Quryltai жобасын таныстырды. Таныстырылым БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің «Қазақстан» залында өтті.



Қазақстандық делегация құрамында «Әділет» партиясы Төрағасының орынбасары Қаныш Төлеушин, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмедиев және Цифрлық үкіметті қолдау орталығының бас директоры Әлия Оспанова бар.

Іс-шара кіріспе бейнероликті көрсету мен құттықтау сөздерден басталды. Қатысушыларға Қазақстан Республикасы Құрылтайының 2027–2029 жылдарға арналған ЖИ-стратегиясы, e-Quryltai интеграцияланған цифрлық парламенттік платформасы және парламенттік қызметте жасанды интеллектіні қолдану бағыттары таныстырылды.

Бағдарламаның жекелеген блоктары парламенттік зерттеулер мен талдауға, ЖИ қолдану арқылы заң жобаларын әзірлеу мен құқықтық сараптама жүргізуге, сондай-ақ ЖИ-зертхананың қызметіне арналды.

Стратегияға сәйкес, AI-Quryltai цифрлық процестерді, парламенттік деректерді, құқықтық білім мен зияткерлік сервистерді бірыңғай қорғалған ортада біріктіре отырып, e-Quryltai жүйесін дамытудың келесі кезеңіне айналады. Бұл трансформацияның негізгі мақсаттары – заң шығару сапасын, қабылданатын шешімдердің негізділігін, парламенттік бақылаудың тиімділігін және қоғаммен өзара іс-қимылдың ашықтығын арттыру.

AI-Quryltai платформасының практикалық міндеті – жасанды интеллектіні қолдану арқылы депутаттар жұмысының тиімділігін арттыру. Әзірленіп жатқан құралдар парламенттік деректер мен азаматтардың өтініштерін талдауға, зерттеулер жүргізуге, талдамалық материалдар дайындауға және заң жобаларын әзірлеу процесін сүйемелдеуге мүмкіндік береді.

AI-Quryltai жүйесінің негізінде мемлекеттік деректер мен парламенттік жұмыс құралдары біріктірілген тілдік модельдер және мамандандырылған жасанды интеллект агенттерінен тұратын өзіндік цифрлық платформа жатыр. Шешім қабылдауды қолдау жүйесі жүйелі мәселелерді анықтауға және ұсынылатын шаралардың салдарын бағалауға көмектессе, құқықтық ядро өз кезегінде нормалардың өзара байланыстарын талдауға және заңнамалық өзгерістерді әзірлеуге мүмкіндік береді. Жергілікті модельдер жабық нұсқада жұмыс істейді, ал қорытындылар болса, тексерілетін дереккөздерге, талдау әдістемелеріне және сараптамалық бағалауға сүйенеді. Мұндай тәсіл азаматтың өтінішінен бастап шешімді дайындауға және оның орындалуын бақылауға дейінгі бүкіл процесті сүйемелдеуге толық мүмкіндік береді.

ЖИ-ді жауапкершілікпен қолдануға да айрықша назар аударылды. ЖИ-зертхана шешімдерді енгізбес бұрын олардың дәлдігін, қауіпсіздігін және құқықтық заңдылығын сынақтан өткізу мен бағалауды қамтамасыз етеді. ЖИ көмегімен дайындалған материалдар мамандардың тексеруінен өтеді, ал түпкілікті шешімдер үшін жауапкершілік адамдардың өзінде қалады. Ақпаратпен жұмыс істеу қолжетімділікті шектеу және киберқауіпсіздік талаптарын сақтау қағидаттарына негізделеді.

Бағдарлама соңында парламенттік инновациялар мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі диалог және пікір алмасулар өтті.

ЖАҢАӨЗЕНДЕ ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Жаңаөзен қаласында Құрылтай депутаты Аббат Өрісбаев қалалық көпсалалы ауруханаңың медицина қызметкерлерімен кездесті. Жиынға Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің төрайымы Лаурра Ахметнияз да қатысты.

Аурухана ұжымымен әңгіме барысында Аббат Өрісбаев Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауындағы негізгі реформаларға, онда белгіленген міндеттердің ел дамуындағы маңызына тоқталды.

– Президент Жолдауы ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығы қарсаңындағы ауқымды саяси реформалардың жалғасы болып саналады. Атап айтқанда, жаңа Конституцияның қабылдануы, бір палаталы Құрылтайдың сайлануы, Қазақстан Халық Кеңесінің жұмысын бастауы және Вице-Президент институтының құрылуы ел басқару жүйесіндегі маңызды өзгерістердің бірі болып отыр, – деді депутат.

Сонымен қатар Аббат Өрісбаев өңірде «Халықтық құрылыс» жобасы аясында жүзеге асырылатын медициналық инфрақұрылымды дамыту бастамаларына назар аударды. Жолдауда халықтың өмір сапасын жақсарту, медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру және әлеуметтік нысандарды жаңғырту мәселелері басым бағыттардың бірі ретінде айқындалғанын жеткізді.

Ал Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің төрайымы Лаурра Ахметнияз сала бойынша алдағы уақытта атқарылатын ауқымды жобаларға тоқталды. Ол медициналық инфрақұрылымды жаңғырту, ана мен бала денсаулығын қорғау және денсаулық сақтау саласына озық технологияларды енгізу бағытындағы жұмыстарды атап өтті.

Бұдан кейін Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының (МАЭК) қызметкерлерімен кездесу өтті. Жиынға Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Бекмұрат Жүсіпов пен Кирилл Осин, облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Оңайбек Әбділов қатысты.

Жиында елдің экономикалық дамуы, энергетикалық қауіпсіздік, көлік-логистика әлеуеті, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру және қоғамдық келісімді нығайту мәселелері талқыланды. Сондай-ақ Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін арттыру, АЭС салу, Кендірлі әуежайының ашылуы және өңірдің туристік әлеуетін дамыту бағыттарына назар аударылды.

Кездесулер барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Жұмыс тобының өкілдері Жолдауда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру жолдарын жан-жақты түсіндірді.



ӘDILET

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА – КЕЛЕШЕК БАҒДАРЫ

«Әділет» алаңында креативті бизнеске салық жеңілдіктерін беру, зияткерлік меншікті кепілге қойып қаржы алу, кино өндірісіне рибейттер енгізу және қазақстандық контентті халықаралық нарыққа шығарудың жаңа тетіктері талқыланды. Партия өкілдері Алматы облысындағы шығармашылық қауымдастық өкілдерімен басқосуында «Креативті экономика туралы» жеке заң әзірлеу ұсынылған еді. Қазір ол Құрылтайдағы партия фракциясының заң шығару жұмысы аясында қаралып жатыр.



«Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Нұрсұлтан Байтілесов саланы дамытудың үш негізгі бағыты – қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру, өңірлерде креативті инфрақұрылым құру және зияткерлік меншікті қорғауды атап өтті. Оның айтуынша, авторлық туындыларды, брендтерді және шығармашылық еңбектің өзге де нәтижелерін қаржы тарту үшін пайдалануға жағдай жасау қажет. Авторлық сыйақы төлеу тетіктерін жетілдіру және қазақстандық жобалардың шетел нарығына шығуына қолдау көрсету де маңызды.

– Креативті экономиканы дамыту – «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы бағыттың бірі. Атап айтқанда, партия Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі креативті индустрияның үлесін 3%-ға жеткізуді мақсат етіп отыр, – деді ол.

Дөңгелек үстелде Мәдениет және ақпарат вице-министрі Рустам Әли Қазақстанның креативті индустриясында 228 мыңнан астам адам еңбек ететінін, ал кәсіпкерлік субъектілерінің саны 67,5 мыңға жеткенін айтады. Креативті индустрияларды дамыту қорының төрағасы Ерлан Каналимов салаға салық жеңілдіктерін енгізуді және зияткерлік меншікті кепілге қойып қаржы алу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин креативті индустрияға жататын қызмет түрлерін нақтылау мәселесін көтерді. Туризм және спорт вице-министрі Мирас Төлебаев лотерея қызметінен түсетін аударымдардың креативті индустрияға бағытталатын үлесін арттыру мүмкіндігін қарастыруға дайын екенін білдірді. Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ғиззат Байтұрсынов жасанды интеллект көмегімен толықметражды анимациялық фильмдер шығаруды Astana Hub-тың басым бағыттары тізіміне енгізу мәселесі пысықталып жатқанын айтты.

Бизнес өкілдерінің де бірқатар ұсынысы бар. Мәселен, салық жеңілдіктерін енгізу және кино өндірісіндегі рибейт тетігін жетілдіру, интернеттегі авторлық құқықты заңнамалық тұрғыдан қорғауды күшейту, билет сатудың цифрлық құралдарын дамыту мен кино нарығын талдау мүмкіндіктерін кеңейту жайы айтылды.

Өңірлерде креативті индустрияны дамыту мәселесі де назардан тыс қалмады. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Жүсіп Жұмағұлов креативті орталықтардың құқықтық мәртебесін айқындап, оларды ауыл тұрғындары үшін қолжетімді ету қажет екенін айтты.

Кездесуді қорытындылаған Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Гүлісхан Нахбаева «Креативті экономика туралы» заң жобасын әзірлеу жұмысы мемлекеттік органдардың, бизнес пен шығармашылық қауымдастық өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып жалғасатынын айтты. Оның сөзінше, жиында көтерілген барлық ұсыныс жүйеленіп, жан-жақты зерделенеді. Соның негізінде заң жобасын одан әрі пысықтау кезінде саланың нақты қажеттіліктері ескерілмек.



ҰСТАЗДАРДЫҢ АРТЫҚ ЖҰМЫСЫ АЗАЙМАҚ

Мұғалімдердің әкімшілік жұмысын азайту жолдары «Әділет» партиясы жобалық кеңсесінің Құрылтайдағы Әлеуметтік-мәдени даму комитетімен бірлескен көшпелі отырысында талқыланды. Кездесу елордадағы NIS мектебінде өтіп, қатысушылар білім беру ісін цифрландыру бағытындағы тәжірибемен танысты.

Отырыста жұмыс барысын автоматтандыру, цифрлық платформалардың тиімділігі және озық мектептердің тәжірибесін білім беру саласына енгізу мүмкіндіктері сөз болды. «Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының Жолдауында жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін партия жанынан адами капиталды дамыту, әлеуметтік қолдау және жастар саясаты мәселелері жөніндегі жобалық кеңсе құрылған.

– Президент мұғалімдердің артық жүктемесін азайтуды тапсырды. Алайда цифрландыру олардың жұмысын үнемі жеңілдете бермейтінін көріп отырмыз. Қағаз жүзіндегі есеп көбіне электронды форматқа көшірілгенімен, мұғалімдердің міндеттері сол күйі қалып отыр. Педагог ең алдымен бала оқытып, тәрбиелеуге көңіл бөлуі керек, – деді Ержан Жылқыбаев.

Ал Құрылтайдың Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов бір топ депутат мұғалімдердің артық қағазбастылығын азайтуға бағытталған арнайы заң жобасын әзірлегенін айтты.

– Заң жобасын Үкіметке жолдамас бұрын озық мектептердің тәжірибесін зерделеуді жөн көрдік. Сондай-ақ мұғалімдердің жүктемесін азайтуға көмектесетін цифрлық шешімдерді анықтағымыз келді. Ұсынылып отырған заңнамалық өзгерістер нақты тәжірибеге негізделуі маңызды, – деп атап өтті ол.

NIS басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин мектептердегі цифрландыру тәжірибесін таныстырды. Оның айтуынша, зияткерлік мектептерде мұғалімдерді аттестаттау үдерісі толық автоматтандырылған.

Көшпелі отырыста айтылған ұсыныстар мен мектептердің тәжірибесі заң жобасын жетілдіру кезінде ескерілмек. Құжатты Үкіметке жолдағанға дейінгі жұмыс Құрылтайда жалғасады.

ӨНДІРІС пен ТЕХНОЛОГИЯ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген міндеттер Солтүстік Қазақстан, Атырау облысы мен Астана қаласында өткен талқылаудың өзегіне айналды. Өңірлердегі кезекті кездесуде отандық өндірісті өркендету, экономиканы жаңғырту, еңбек адамының жағдайы, жастардың кәсіби дамуы мен жасанды сана мүмкіндіктері сөз болды.



Солтүстік Қазақстан облысында қоғам белсенділері пластик қалдықтарын қайта өңдейтін зауыт ұжымымен Жолдауда айтылған отандық өндірісті дамыту және ресурстарды тиімді пайдалану міндеттерін талқылады. Зауытта қалдықтардан тұрмыстық бұйымдар жасауға қажетті шикізат дайындалады.

Астанада «Әділет» партиясының өкілдері Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттерімен кездесіп, Жолдаудың негізгі бағыттары, тұрғын үйлер, жолдар, ауруханалар мен мәдениет нысандарын салу жоспарлары, сондай-ақ экономика мен салық жүйесіндегі алдағы өзгерістер туралы айтылды.

Ал Атырау облысында мұнай-газ саласын жаңғырту, энергетикалық қауіпсіздік және экономиканы әртараптандыру мәселелері талқыланды. Кездесу барысында шикізатты терең өңдеу, қосылған құны жоғары өнім шығару, өндіріс ісін жетілдіру және еңбек қауіпсіздігін күшейту міндеттері сөз болды.

«Әділет» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасының орынбасары Бейбіт Мырзағалиев Жолдаудағы басымдықтардың мұнай-газ кәсіпорындары үшін де өзекті екенін жеткізді.

– Мұнай-газ кәсіпорындары үшін бұл – өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, еңбек қауіпсіздігін күшейтіп, ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін бағыттар. «Әділет» партиясының бағдарламасы да әділ әрі бәсекеге қабілетті экономиканы құру, отандық өндірісті қолдау, кәсіпкерлікке тең мүмкіндік жасау және цифрлық технологияларды дамыту міндеттерімен сабақтасады, – деді төраға орынбасары.

Жиын барысында «Ембімұнайгаз» бастауыш партия ұйымының төрағасы сайланып, ұйымның алдағы жұмыс бағыттары айқындалды. Сондай-ақ Жолдаудағы міндеттерді еңбек ұжымдары арасында түсіндіру және қызметкерлердің ұсыныстарын жинақтау жөнінде шешім қабылданды.

Үш өңірдегі кездесуде көтерілген мәселелер әртүрлі болғанымен, олардың барлығы елдің экономикалық әлеуетін арттыру, адами капиталды дамыту және халықтың өмір сапасын жақсарту міндеттерімен сабақтас. Өңірлердегі түсіндіру жұмыстары осы басымдықтарды нақты салалардың тыныс-тіршілігімен байланыстыра талқылауға бағытталған.

Бетті дайындаған Бекбол АМАНГЕЛДІ

РЕФОРМА

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

БАЙЛЫҚТЫҢ БӘСІ, САЛЫҚТЫҢ САЛМАҒЫ БАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында салық салудағы әділеттілік мәселесіне арнайы тоқталып, бай-бағландарға арналған жоғары салық мөлшерлемесін енгізу мәселесін талқылайтын кез келгенін арнайылап айтқан еді. Осыған дейін бірнеше рет сөз болып, қоғам талқысынан аспаған тақырып ақыры нақты іс-шараға ұласты. Ендігі жылдан бастап дәулеті асқан қазақстандықтар да «байлар салығын» төлеп отырады. Дегенмен сарапшылар ортасында дәулет дегеннің бәрі қолда тұрған байлық емес деген пікірлер бар. Соған қарағанда салық органдары жаңа төлем түрін әлі де жан-жақты пысықтай түсетін секілді.

Ербол ТҰРЫМБЕТ

Жалпы, Мемлекет басшысы сонау 2019 жылы-ақ бұл тақырыптың шетін шығарған. Сол уақытта айына 300 мың теңгеге дейін табатын адам шамамен 7 пайыз салынып, ал халықтың басым бөлігіне жеке табыс салығының 10 пайыздық мөлшерлемесі қатысты сақталуы керек деген ойын білдірген. Бұлар айына 300 мыңнан 1,5 млн теңгеге дейін табатын азаматтарға қатысты. Ал жылына 25 млн теңгеден астам табысқа кенеліп отырғандар 10 пайыздан артық төлеуі керек дегенге меңзеді. Бірақ 15 пайыздан асырмауды қатаң тапсырған еді.

Кешегі сөзінде бұл бастаманың түптөркіні көлеңкелі экономика мен жемқорлық сын-қатерлерін азайтудан туындап отырғанын, ал жұмысты қолға алу үшін озық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану қажет екенін еске салған-ды. Әлбетте, адамның адалынан тапқан дүние-мүлкіне еш шектеу жоқ.

28 қазанда Жолдау жарияланысымен Премьер-министр Олжас Бектенов дереу жиын өткізіп, айтылған тапсырмалардың орындалу жоспарын құруға кірісті. Соның ішінде осы салықтың жаңа түрі де бар. Соған байланысты бір ай ішінде халықаралық тәжірибені зерттеп, аса ауқатты азаматтарға салық салу тәсілдері жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Жалпы, әлемдік тәжірибеде байларға салық салудың негізгі үш тәсілі қалыптасқан. Біріншісі – қатаң прогрессивті салық жүйесі (Скандинавия және Батыс Еуропа елдерінде қолданылады), екіншісі – азаматтардың таза активтеріне, яғни байлығына салынатын арнайы салық, үшіншісі – салықтық жеңілдіктер ұсынатын елдердегі тіркелген мөлшерлемелер мен жеңілдетілген салық режимдері. Әр мемлекеттің ұстанымы әлеуметтік-экономикалық даму үлгісі мен көздеген мақсаттарына қарай біршама ерекшеленеді. Мәселен, бірінші байлыққа салынатын тікелей салық азаматтың табысына емес, меншігіндегі барлық активінің құнына қатысты. Оған жылжымайтын мүлік, акциялар, яхталар, банк шоттарындағы қаражат пен басқа да активтер кіреді. Салық көлемі активтердің жалпы құнынан қарыз міндеттемелерін шегеру арқылы есептеледі. Соңғы онжылдықтарда байлыққа тікелей салық салатын мемлекеттердің саны азайғанымен, Еуропа мен Латын Америкасының кейбір елінде бұл жүйе әлі де өзекті. Айталық, Норвегияда жеке тұлғалар таза активтерінің құнына қарай салық төлейді. Байлығы 1,9 млн норвег кронасынан (шамамен 170 мың доллар) асатын азаматтарға базалық 1 пайыздық мөлшерлеме қолданылады. Ал капиталы 21,5 млн кронадан асқандар үшін салық мөлшерлемесі 1,1 пайызға дейін көтеріледі. Байлыққа салық салудың мұндай жүйелері Испанияда, Швейцарияда және Колумбияда да қолданылады.



Жалақы, сыйақы, дивиденд және басқа да көздерден тұрақты түрде жоғары табыс табатын миллионерлер үшін табыс салығының ең жоғары мөлшерлемесін қолданатын елдерде бар. Халықаралық зерттеу компанияларының деректеріне қарағанда, топ-менеджерлер мен бизнес иелерінің табысына салынатын прогрессивті салықтың ең жоғары мөлшерлемелері Дания, Финляндия, Жапония, Аустрия және Швецияда тіркелген.

Екінші түрі мүліктің жекелеген түрлеріне салынады. Кей мемлекет азаматтың бүкіл байлығына салық салудан бас тартып, оның орнына қымбат мүліктің белгілі бір түрлеріне арнайы салық енгізген. Мысал ретінде, Францияны айтуға болады. Онда ел азаматтарының бүкіл байлығына салынатын салық тек қымбат жылжымайтын мүлікке қолданылатын IFI салығымен алмастырылды. Егер жылжымайтын мүліктің қарыздар шегерілгеннен кейінгі таза құны 1,3 млн еуродан асса, оған 0-ден 1,5 пайызға дейінгі прогрессивті мөлшерлеме бойынша салық төлетеді. Италия, Бельгия сынды елдерде де активтердің жекелеген түрлеріне салық салу тетіктері қарастырылған.

Жалақы, сыйақы, дивиденд және басқа да көздерден тұрақты түрде жоғары табыс табатын миллионерлер үшін табыс салығының ең жоғары мөлшерлемесін қолданатын елдер де бар. Халықаралық зерттеу компанияларының деректеріне қарағанда, топ-менеджерлер мен бизнес иелерінің табысына салынатын прогрессивті салықтың ең жоғары мөлшерлемелері Дания, Финляндия, Жапония, Аустрия және Швецияда тіркелген. Бұл елдерде табыс салығының жоғарғы мөлшерлемелері шамамен 50-60 пайыз аралығында.

Ал үшінші түрі – тіркелген мөлшерлемелер және салықтан босату режимдері. Бірқатар мемлекет шетелдік капитал мен ауқатты инвесторларды тарту мақсатында оларға арнайы салықтық жеңілдіктер ұсынады. Мәселен, Италия мен Грекия елге жаңадан қоныстанатын ауқатты азаматтарға тіркелген мөлшердегі салық төлеу мүмкіндігін қарастырған. Мұндай жүйе бойынша инвестор жыл сайын 100 мыңнан 300 мың еуроға дейін белгіленген салық құнын төлеп, арнайы режим қамтитын табыстарына қатысты өзге салықтардан босатылады.

Байлар дегенде біздің елде алдымен көзге түсетін Forbes тізіміндегі қалталы азаматтар екені белгілі. Forbes Kazakhstan басылымының мәліметінше, 2026 жылы Қазақстанның ең бай он кәсіпкерінің қатарына Вячеслав Ким, Владимир Ким, Тимур Құлыбаев, Динара Құлыбаева, Болат Өтемұратов, Тимур Турлов, Ибрагимовтер отбасы, Нұрлан Смағұлов, Айдын Рахымбаев және Сәрсеновтер отбасы енген. Көп жылдан бері өзгере қоймаған, көз үйренген көрініс. Оның үстіне, Қазақстанның жалпы байлығының жартысына (55 пайызына) небәрі 162 адам иелік ететінін білеміз. Бұл дерек алғаш 2019 жылы KPMG зерттеу компаниясының деректерінде айтылды да кейін Президент оны 2022 жылғы 21 қаңтарда қайталады. Бұл статистика бүгінге дейін тағы арта түсті десек қателеспеспіз. Ең ірі деген кәсіпкерлер осылай жүздеп саналып жатқан тұста «байлық салығының» бюджетті біраз толықтырары сөзсіз.

Саясаттанушы Ғазиз Әбішевтің сөзінше, прогрессивті салық жүйесі – халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын тәсіл. Мұндай жүйе Францияда, Германияда және басқа да көптеген мемлекетте бар. Ауқатты адамдардың мемлекет ұсынатын қоғамдық игіліктерді пайдалануға мүмкіндігі де, қажеттілігі де көбірек. Тіпті мәселені барынша прагматикалық тұрғыдан қарастырсақ, тұрақты мемлекет бай адамдардың дәулетін қоғамдағы наразылықтан, қызғаныштан және өзге де қауіп-қатерлерден қорғайды. Сондықтан ауқатты азаматтар өздеріне қолайлы жағдай жасап отырған мемлекеттің тұрақтылығын сақтау үшін көбірек салық төлей алар еді. Дегенмен Қазақстанда салық мөлшерлемесін Еуропадағыдай 45 пайызға дейін көтеру мәселесі қарастырылып отыр деуге негіз жоқ. Болжам бойынша, елімізде әлдекайда жұмсақ прогрессивті салық жүйесі қолданылуы мүмкін деп топшылайды.

Экономист Алмас Чукин мәселенің тағы бір қырын еске салады. Мәселен, стартаптың негізін қалаған кәсіпкер қарызға батып жүріп кәсібін бастайды, сосын компаниясының үлестерін инвесторларға сатады. Уақыт өте келе, компаниясы өсіп, табысты бизнеске айналады. Соның нәтижесінде кәсіпкердің компаниядағы үлесінің құны миллиард доллардан асады. Қағаз жүзінде ол аса бай адамдардың қатарына қосылады. Енді оған сол миллиардтың 5 пайызын, яғни 50 млн долларды бюджетке төлеу міндеттеледі. Бірақ оның қолында ондай ақша жоқ. Өйткені компания ұзақ уақыт нақты пайда әкелмеуі мүмкін. Оның байлығы – банк шотында жатқан ақша емес, компания үлесінің нарықтық бағасы ғана. Демек, салықты төлеу үшін кәсіпкер өз үлесінің бір бөлігін сатуға мәжбүр болады. Бұл – өзі құрған бизнесті бақылаудан айырылу деген сөз. АҚШ-та осындай кереғар жағдайдан құтылу үшін көптеген кәсіпкерлердің басқа штатқа көшуге мәжбүр болатынын мысал етіп келтіреді. Ал ең қиыны, кәсіпкер салықты төлегеннен кейін бір жылдан соң стартап банкротқа ұшыраса не болады? Ондай жағдайда бар байлығынан айырылудан бөлек, қарызға батқан күйі қалуы мүмкін.

Тура сондай жағдай мұрагерлік жағдайында да болуы мүмкін. Әкеден қалған кәсіп балаларына тигенде біреуі сол істі жалғастырып әкетеді де, қалғандары үлесін алып бөлек кетуі мүмкін. Шаруашылықты қолға алған баласы бауырларының еншісін де, жоғары салықты да төлеуі керек. Ал шаруашылық не кәсіп дегенің тұнып тұрған ақша емес, әлгінде айтқандай, нарықтық құны ғана «бай» деген атақ береді. Ал мойнына осынша ауыртпалық түскен адамның ақырында кәсібі тұралап, ол да барынан айырылып қалуы мүмкін. Демек, «байлар салығы» дегенде кімнің бай, кімнің кәсіпкер екенін нақты ажырататындай тетіктер қарастырылуы керек.

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, алдағы жылдан бастап қазақстандықтардың табысының басым бөлігіне прогрессивті салық шкаласы бойынша салық салынады. Жеке табыс салығының мөлшерлемесі азаматтардың жылдық табысына қарай 10 немесе 15 пайыз болады. Егер жылдық жиынтық табыс 36 млн теңгеден асса, белгіленген шектен асқан бөлігіне жоғары мөлшерлеме қолданылады.

Оның ішінде бірнеше жерден табыс табатын азаматтар жылдық жиынтық кірісінің мөлшерін өздері бақылауға тиіс. Егер декларация тапсырғаннан кейін табысы белгіленген шектен асып кеткені анықталса, шектен асқан құны үшін қосымша 5 пайыз салық төлеуі қажет болады.

Сонымен қатар жаңа Салық кодексінде оңайлатылған салық режиміне қатысты да бірқатар өзгеріс қарастырылған. Қазір оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі қолданылып келеді. Бұған дейін осы режим бойынша жылдық табыстың ең жоғары шегі 48 мың айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құраса, жаңа Салық кодексінде бұл меже 600 мың АЕК-ке дейін ұлғайтылған. Бұл қазіргі межемен шамамен 2,5 млрд теңгеге тең.

ӨЗЕКТІ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ӨКІЛЕТТІК КӨП, ӨНІМДІЛІК ҚАЙДА?

Мемлекеттік аппаратта бір шаруаны бірнеше мекеме қатар атқаратын келеңсіз жайттар кездеседі. Әдетте біреуі тапсырма береді, екіншісі тапсырманың орындалуын бақылайды, үшіншісі құлаш-құлаш құжат түрінде есеп сұратады, төртіншісі сол есепті қайта тексереді. Сөйтіп, соңында жұмыс біткендей көрінгенімен, түпкі нәтижеге жауапты нақты орган табылмай, мәселе шешілмей қалуы мүмкін. Осындайда қазақтың «Тоғыз ешкіге тоқсан теке» деген мәтелі еріксіз еске түседі.



Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Президент биылғы Жолдауында билік институттарының өкілеттігін қайта қарау мәселесіне айрықша назар аударды.

– Жасанды интеллектінің көмегімен қайталанатын міндеттерді, басқару жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды жою керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазір қай мекеменің құзыреті қай жерден басталып, қай жерде бітетінін ажырату қиын. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің су жаңа дерегіне сүйенсек, уәкілетті органдарда 470-ке жуық қайталанатын функция бар екен. Мысалы, жер қатынастары саласында қандай да бір учаскенің қолданылуы мен қорғалуын министрліктер де, әкімдіктер де қадағалайды. Соның кесірінен жер иелері артық құжат жинап, қосымша бюрократиялық бөгеттерді еңсеруге мәжбүр болады.

Жол саласында да осыған ұқсас түйткіл ұшырасады. Жол активтері сапасының ұлттық орталығы зертханалық-техникалық сараптама жасаса, жергілікті атқарушы органдар құрылыс, жөндеу және күтіп ұстау жұмысын ұйымдастырып, мемлекеттік бақылауға қатысады. Рас, зертханалық талдау мен мемлекеттік тексеру екеуі бір нәрсе емес. Бірақ алда-жалда жол сапасынан кінәрат шықса, қай органның қорытындысы негізге алынып, жауапкершілік кімге жүктеледі деген сауалдың жауабы көмескілеу.

Сондай-ақ агросалада министрлік субсидиялау қағидаларын белгілеп, цифрлық мониторинг жүргізеді. Ал жергілікті ауыл шаруашылығы бөлімдері өтінімдерді өңдейді, кәсіпкерлерге субсидиялық төлемдерді аударады әрі сол қаржының тиімді жұмсалуын бақылайды. Әрине бюджет қаржысын жіті қадағалау қажет-ақ. Бұған дау жоқ. Алайда мұндай қадағалау бірнеше деңгейде қайталанса, мекемелердің жұмысы қабаттасып, еңбек өнімділігі төмендейді. Мәселенің мәні – осында.

Қысқасы, бақылау, инспекциялау, есеп жинау сияқты жұмыстар орталық пен жергілікті органдар арасында анық бөлінбеген. Министрліктің аумақтық бөлімшесіне де, әкімдіктің салалық басқармасына да бірдей өкілеттіктер берілген.

Жалпы, Қазақстанда орталықсыздандыру мәселесі талай көтерілген. 2000, 2007, 2014 жылдардағы реформаларда һәм 2020 жылдан бері қабылданған тұжырымдамаларда өңірлердің құзыретін кеңейту жоспары бірнеше рет жарияланды. Мойындау керек, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы бірқатар міндет әкімдіктерге тапсырылған. Дегенмен министрліктер онда да саптыааққа ас құйып, сабына қарауыл қоюды ұмытқан жоқ.

Ең қиыны, өңірлерге өкілеттік берілгенімен, соған қажетті қаражат қоса берілмеді. Жергілікті бюджет орталыққа кіріптар болған соң аймақтың дербестігі қағаз жүзіндегі құзыретпен шектеледі. Ақшасыз билік моторсыз көлік секілді. Әкімдік өзінен жоғары органдарға алақан жайып отырса, одан керемет нәтиже күтудің өзі күлкілі.

Заңнамадағы олқылықтар да осы қайшылықты ушықтырады. Неге десек, «Ветеринария туралы» заңда, Жер кодексінде, Экология кодексінде, тағы басқа құжаттарда органдардың өкілеттігі «бақылайды», «үйлестіреді», «ұйымдастырады» дегендей жалпылама сөздермен жазылған. Бұл етістіктердің мағынасын нақтылап, шекарасын айқын сызбасақ, әр мекеме өз құзыретін өзінше ұғынуы ықтимал.

Айтпақшы, мұның астарында ведомстволық мүдде жатқанын да жасырмаймыз. Мемлекеттік органның функциясы көбейген сайын оған бөлінетін қаржы да, штат саны да ұлғаяды. Сондықтан кейбір мекемелер өзіне тиесілі міндеттерді азайтуға құлықсыздау келеді. Ақыр аяғында ел игілігіне бағытталған бақылау тетігі ведомствоның өз қамын күйттейтін құралға айналуы ғажап емес.

Бұрынғы реформалардың қайталанатын міндеттерді түбегейлі жоя алмауына осындай кедергілер кесепін тигізді. Өйткені функциялық талдауды көп жағдайда министрліктердің өзі немесе бағынышты құрылымдары жасады. Өз жұмысын өзі бағалайтын мекеменің басы артық қызметінен өз еркімен бас тартуы неғайбыл. Соның салдарынан шенеуніктер басқару жүйесін барынша жетілдірудің орнына жекелеген міндеттерді ғана ішінара қысқартуды міске тұтты. Тізімнен жойылған бір функция біраз уақыттан кейін басқа атаумен қайтадан пайда болатын. Қағаздағы өзгеріс басқару мәдениетін жаңғырта алмады.

> **«Ветеринария туралы» заңда, Жер кодексінде, Экология кодексінде, тағы басқа құжаттарда органдардың өкілеттігі «бақылайды», «үйлестіреді», «ұйымдастырады» дегендей жалпылама сөздермен жазылған. Бұл етістіктердің мағынасын нақтылап, шекарасын айқын сызбасақ, әр мекеме өз құзыретін өзінше ұғынуы ықтимал.**

Қосарланған міндеттер бюджетке зілмауыр салмақ салады. Жоғары аудиторлық палатаның былтырғы есебінде: «Орталық пен жергілікті органдарда бірбірін қайталайтын штат ұстау жалақы, кеңсе, байланыс, коммуналдық қызмет шығындарын еселеп арттырады», – делінген. Мәселен, ветеринария, ауыл шаруашылығы салаларында орталық және өңірлік құрылымдар бірдей шараларға тендер жариялап, қаржыны босқа шашқан фактілер анықталыпты. Бизнес те бұдан оңбай зардап шегеді. Кәсіпкерлер бір мәліметті бірнеше жерге өткізіп, уақытын құртады, жүйкесін жұқартады. Қарапайым азаматтар бір мекемеден екіншісіне сабылып, табанынан тозады.

Осы орайда әлемдік тәжірибеден үйренетін үлгі көп. Эстонияда субсидиарлық қағидаты бойынша халыққа ең жақын деңгейде шешімдер қабылданады. Министрліктер ұлттық саясатқа жауапты болса, муниципалитеттер күнделікті операциялық жұмыстарды орындайды. Оңтүстік Кореяда орталық, провинциялық және муниципалдық органдардың міндеттері заңмен жіктелген. Ондағы Реттеуші реформалар комитеті қайталанатын функцияларды жүйелеумен айналысады. Сингапурда әр міндетке бір жауапты агенттік бекітіліп, оның жұмысы нақты көрсеткіштермен бағаланады.

Президент Жолдауда жасанды интеллектіні бекер айтқан жоқ. Себебі жүздеген заңды, мыңдаған құжатты адам күшімен салыстыруға қыруар уақыт кетеді. Өз кезегінде заманауи тілдік модельдер әр жерде әрқалай аталатын, бірақ атқаратын жұмысы бірдей міндеттерді лезде тауып, ұқсастықты тап басып таниды.

Әйтсе де бүкіл шаруаны техникаға толық сеніп тапсыруға болмайды. Жасанды интеллект қайталанатын жұмысты тапқанымен, оның шынымен артық екенін немесе мемлекетке қажет екенін білмеуі мүмкін. Алгоритм тек қабаттасқан қызметтерді нұсқап көрсетеді. Соңғы шешімді мамандар қабылдауы керек.

Сарапшылардың пікірінше, орталық пен өңірдің жауапкершілігін де халықаралық озық тәжірибеге сай қайта бөлу керек. Министрліктер стратегиялық саясатқа, заңнамалық стандарттарға, жалпыұлттық мәселелерге жауап бергені дұрыс. Әкімдіктер сол саясатты жүзеге асырып, тұрғындарға қызмет көрсетіп, жол, мектеп, коммуналдық шаруашылық тәрізді күнделікті шаруалармен шұғылдануға тиіс. Ал министрліктің өңірдегі өкілдіктері ұсақ-түйекке араласпай, аса қауіпті эпидемия, шекарадағы бақылау немесе ірі өнеркәсіп нысандары сынды стратегиялық салаларды қадағалауы керек.

Реформаның заңнамалық тірегін күшейту үшін Әкімшілік кодекске және «Құқықтық актілер туралы» заңға функцияларды қайталауға тыйым салатын нормалар енгізген абзал. Жер, Экология, Халық денсаулығы және Кәсіпкерлік кодекстеріне, «Ветеринария туралы» заңға орталық инспекциялар мен әкімдік басқармаларының бақылау шекарасын нақтылайтын түзетулер керек.

Реформа нәтижесі құжаттар не комиссиялар санымен емес, нақты көрсеткіштермен өлшенгені жөн. Қайталанатын функциялар кемінде 80 пайызға қысқарса, әкімшілік аппарат пен қосарланған құрылымдарды ұстау шығындары 15-20 пайызға кемісе, мемлекеттік қызметтер мен рұқсат беру мерзімдері екі есе қысқарса, бір ақпаратты мың қайтара сұрататын бюрократияның тамырына балта шабылса – діттеген мақсатқа біртабан жақындаймыз деген сөз.

Президент Әкімшілігіне 2027 жылдың 1 маусымына дейін арнайы жоспар әзірлеу тапсырылды. Бұл жолғы реформа қағаз жүзіндегі кезекті есеп күйінде қалмаса екен дейміз. Сервистік мемлекет дегеніміз – бәрін бақылауға тырысатын мемлекет емес, нені орталық шешетінін, нені аймаққа жүктейтінін, әр шешімнің артында кім тұрғанын түсінетін мемлекет. Президенттің Жолдауда меңзегені де – осы мұрат.

ТҮЙТКІЛ

Бас қала – Астананың кейбір көшесіне жүк көліктерінің жүруіне шектеу қойылмақ. Себебі ауыр жүк көліктері көшелердің сапасын бұзып ғана қоймай, тұрғындардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Сондай-ақ бұл бастама шаһарда өзекті бола бастаған көлік кептелісі мәселесін де реттеуге тиіс. Сонымен өзгеріс несімен тиімді боларын сараптап көрейік.

ЖҮКТІҢ ДЕ ЖӨНІ БАР

Айхан ШӘРІП

ЕЛОРДАНЫҢ ЕҢ АУЫР ЖҮГІ

Астана – күн сайын өркен жайып, шекарасын кеңейтіп келе жатқан шаһар. Құрылыс қарқыны, сауда айналымы, халық санының өсуі елорданың өрісін кеңейтіп, экономикалық тұрғыда өрлеткенімен, оның көлік жүйесіне түсетін жүктеме де еселеп ұлғайып келеді. Кейінгі 8 жылда бас қалада жаңа 3 аудан (Байқоңыр, Нұра, Сарайшық) пайда болды. Бір жағынан, оның бәріндегі құрылыс алаңдарына материал, жабдық пен техника жеткізу қажет. Екінші жағынан, аудандардағы сауда орындарының сөресі тауармен толуы керек. Осы тоқтаусыз артқан ауыртпалықты қала әзер дегенде еңсеріп тұр.

Әкімдіктің ресми мәліметінше, Астанадағы көліктің жалпы санындағы жүк машиналарының үлесі 6,8% болғанымен, таңғы, түскі, кешкі қарбалас шақта орталық аудандарда көрсеткіш 24%-ға жетеді. Ал жүк тасуға өзге машина түрлері де тартылатынын ескергенде, әрбір үшінші автомобиль жүк көлігіне айналады екен. Демек, қала орталығындағы кептелістің үлкен бір бөлігін ауыр техника қалыптастырады.

2025 жылы елордадағы жүк ағынының жалпы көлемі 67,9 млн тоннаны құрады. Оның 46,9 миллионы, яғни 69%-ы қала ішінде тасылған. Автомобиль тасымалының егжей-тегжейіне үңілгенде, қай саланың қала жолдарына көп салмақ түсіретінін байқауға болады: мұнда құрылысқа – 14,5 миллион, халық тұтынатын тауарларға – 5,8 миллион, жанармай құю стансаларына – 1,3 миллион тонна тиесілі.

Елордалық көлік тасымалы компаниясының жеткізу тізбегін басқару жөніндегі менеджері Сейілбек Қайыржанның түсіндіруінше, қаладағы жүк тасымалының бір қызықты ерекшелігі бар.

–Астанада құрылыс материалдарын өндіретін негізгі кәсіпорындар, зауыттар негізінен солтүстікте шоғырланған. Ал негізгі тұтыну аумағы оңтүстікте орналасқан. Соның салдарынан ауыр көліктер қала арқылы әрі-бері қатынауға мәжбүр. Әсіресе Ш.Айтматов, Абылайхан, Уәлиханов сияқты көшелер, Тұран, Қошқарбаев даңғылдары, Қорғалжын тасжолы қозғалыстың ең көп шоғырланған бағытына жатады, – деді маман.

Халық тұтынатын тауарлардың логистикасы қаланың барлық аумағын қамтиды: өнімдер алдымен қоймаларға жеткізіледі, кейін супермаркеттерге, базарларға, сауда орталықтарына таратылады. Қала өскен сайын жүк ағынының да тамыры салалана түсері даусыз.



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

Ауыр техника 80-85 децибелден асатын шу туғызады. Дөңгелек дірілі топырақты тығыздап, ғимарат іргетастарына, әсіресе ескі құрылыстарға, заңғар нысандарға салмақ түсіреді.

ЖҮК АҒЫНЫ ЖАҢА АРНАДА

Проблеманы шешу мақсатында Астана көшелерінің жүктемесін төмендетуге бағытталған реформа қолға алынды. Астана қаласының әкімдігі жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу мен пайдалану тәртібін бекітті. Құжатқа сәйкес, жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелеріне көлік жүйесінің жұмыс тиімділігін арттыру, көлік ағынының өткізу қабілетін ұлғайту, жол үстіндегі кідірістерді қысқарту, сапарлардың қолайлылығы мен жайлылығын арттыру, қоғамдық көліктің қолжетімділігін жақсарту, жол-көлік оқиғаларының санын азайту сияқты міндеттер жүктеледі.

Жүйені енгізу мен оның жұмысын қамтамасыз етуді әкімдік белгілейтін басқарушы компания жүзеге асырмақ. Компания қолданыстағы жол жағдайына талдау жасайды. Бұл ретте жаңа тұрғын үй кешендерінің, коммерциялық және өндірістік нысандардың құрылысы да ескеріледі.

Автоматтандырылған жүйе құрылғанға дейін мамандар интеллектуалды көлік жүйесін енгізу жоспарланған аумақтың көше-жол желісі паспортын және топологиялық картасын зерттейді. Жүйе іске қосылғаннан кейін басқарушы компания оның орталық және шеткі жабдықтарына ағымдағы қызмет көрсетуге, жоспарлы жөндеу жүргізуге жауапты болады.

Жұмыс мұнымен бітпейді. Халықаралық тәжірибе негізінде «қаланың жүк каркасы» дегенді енгізу жоспарланған. Жобаның түпкі мақсаты кеңірек: жүк көліктері қозғалысын реттеу, тұрғындар денсаулығын қорғау, экологиялық ахуалды жақсарту. Жаңа тәртіп құрылыс материалдарын өндірушілерге, тасымалдаушыларға, халық тұтынатын тауарларды жеткізушілерге, құрылыс саласындағы субъектілерге тегіс қатысты болмақ.

Осы мақсатта жоспар бойынша келесі жылы қаланың жүк қаңқасын қалыптастыру көзделген. Яғни елорданы бірнеше секторға бөліп, «жүк көліктерінің жүруіне рұқсат берілетін бағыттар» мен «шектеу қойылатын аумақтарды» айқындау ұсынылған. Кейбір көшеге жүк машиналарының кіруіне тыйым салатын белгілер орнатылады. Мұндай учаскелерден тек тиісті рұқсаты бар көліктер ғана өте алады. Рұқсатта көрсетілген бағыт, қозғалыс уақыты, өзге де талаптар міндетті түрде сақталуға тиіс. Сөйтіп, жүк тасымалын бейберекет қозғалыстан жоспарлы жүйеге көшіру мақсат етіледі.

Рұқсатты жергілікті атқарушы орган электронды ақпараттық жүйе арқылы береді. Өтініш иесі құжаттарын сол жүйеге жолдайды. Рұқсат өтініш түскеннен бастап 5 жұмыс күні ішінде рәсімделеді. Рұқсаттың болуы тыйым салатын жол белгісі орнатылған учаскеге кіруге заңды негіз болады. Алайда бұл барлық уақытта, кез келген бағытта емін-еркін жүруге мүмкіндік бермейді. Көлік жүргізушісі құжатта белгіленген талаптарды, соның ішінде уақыт шектеуін толық орындауға міндетті.

Аталған тетік «Жол жүрісі туралы» заңға енгізілетін түзету – жаңа 31-1-бап арқылы бекітілмек. Онда Астана мен Алматы қалаларындағы жүк көліктері қозғалысын реттеудің ерекшеліктері қарастырылады. Жүк қаңқасы көше-жол желісінің жекелеген учаскесінде рұқсат беру тәртібін енгізуді қамтиды. Бұл – жүк тасымалының бағытын, уақытын, қозғалыс тәртібін бір жүйеге келтіруге бағытталған құқықтық негіз болуға тиіс.

«Жүк каркасы жүк көлік құралдарының жүріп-тұруын ұйымдастыру жүйесін білдіреді, ол мыналарды көздейді: көлік жолдары желісінің жекелеген учаскелерінде жүк автомобильдерінің қозғалысына рұқсат беру тәртібін белгілеу. Рұқсат беру тәртібі белгіленген көше-жол желісі учаскелері бойынша жүк көлік құралының қозғалысына жарамды рұқсат болған және оның шарттары сақталған кезде жол беріледі», – делінген заң жобасында.

Сонымен бірге төтенше жағдайларға арналған маңызды жеңілдік бар. Жедел жәрдем, өрт сөндіру, авариялық-құтқару, коммуналдық қызметтердің көліктері шұғыл міндеттерді орындау кезінде бұл шектеулерге бағынбайды. Алайда мұндай жеңілдік жоспарлы құрылысқа, жөндеу жұмыстарына, жол салуға немесе өзге шаруашылық қызметтеріне қатысты тасымалдарға жүрмейді. Яғни шұғыл қажеттілік пен күнделікті коммерциялық тасымалдың арасы нақты ажыратылмақ.

ШЕКТЕУ МЕ, МҮМКІНДІК ПЕ?

Реттеудің нәтижесінде мемлекет бас қала орталығындағы жүк көліктерінің қатынасын 50%-ға қысқартуды көздеп отыр. Бұған қоса, Үкімет елорданың оңтүстік ауданындарда қоймалар салуды ынталандыруға, солтүстік-шығыс бөліктегі айналма жолдың өткізу қабілетін арттыруға, балама жүк бағыттарын қалыптастыруға тиіс. Арнайы тиеу-түсіру орындарын ашу, бірлескен жүк жеткізу жүйесін мемлекеттік субсидия арқылы қолдау да ұсынылды.

Жаңа тәртіптің бизнеске салмақ түсіретінін де ескерген жөн. Бұрын көлікті шамадан тыс тиеу арқылы шығынды азайтқан кәсіпорындарға енді жүк партияларын бөлшектеуге, қосымша рейс жасауға тура келеді. Күндіз үлгермей, түнгі жеткізілімге көшкен жағдайда қойма қызметкерлеріне, жүргізушілерге, жүкшілер мен экспедиторларға Еңбек кодексі талабына сәйкес қосымша ақы төлеу қажет болады. Бұл операциялық шығындарды өсіреді.

Екінші жағынан, әкімдіктің тұжырымдауынша, автоматты өлшеу стансалары адал бәсекелестікті қорғайды: артық жүк тиеп, бағаны жасанды төмендететіндерге тосқауыл қойылады. Сапалы жолдар көлік жөндеу шығынын азайтып, логистикалық компанияларға жеткізу уақытын жоспарлауға жағдай жасайды. Жүк қозғалысын бақылау жанармайдың мақсатсыз жұмсалуын, рұқсатсыз рейстерді де шектеуге мүмкіндік береді.

Жүк көліктерін қала аумағына кіргізуді реттеу – әлемдік тәжірибеде қалыптасқан тәсіл. Еуропада экологиялық талаптар басым: Лондонда төмен шығарындылар аймағы қолданылады, 12 тоннадан ауыр көліктер қауіпсіздік рұқсатын алуы керек. Францияның Париж, Лион, Марсель қалаларында жеткізуді цифрлық рұқсат арқылы реттеу тәжірибесі енгізілген. Италиядағы Милан мен Римнің орталығындағы коммерциялық тасымал арнайы тіркеу тәртібіне бағынады. Олай болса, Астанаға ұсынылған жаңа тәртіп тосын емес. Ең маңыздысы – шектеудің әділ, жемқорлықтан ада болуы, талаптың тиімді орындалуы.

Қалаға бүгін керегі – қолда бар жолды тиімді пайдалану. Жүк каркасы осы міндетті лайықты атқарып, елорданы көлік кептелісі мен экологиялық қысымнан арылтуға тиіс.

ДАМУ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

КӨЛІКТІ КӨШТІҢ ЖАЛҒАСЫ



Қазақстанның көші-қон саясаты – халықтың ел аумағында біркелкі орналасуын қамтамасыз етумен ғана шектелмейтін, мемлекеттің ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуына тікелей ықпал ететін маңызды стратегиялық бағыт. Әсіресе еңбек күші шоғырланған оңтүстік өңірлерден жұмыс қолына сұраныс жоғары солтүстік және шығыс аймақтарға азаматтарды ерікті түрде қоныстандыру мәселесі бүгінде мемлекеттік саясаттың өзекті міндеттерінің бірі саналады. Бұл бағытта халықтың көші-қон белсенділігі жоғары Шымкент қаласы да маңызды рөл атқарып отыр.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ШЫМКЕНТ – ҚОНЫС АУДАРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ОРТАЛЫҚ

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде халықтың тығыздығы мен еңбек ресурстарының шоғырлануы жоғары болса, солтүстік және шығыс аймақтарда бірқатар салада мамандар мен жұмыс күшіне қажеттілік бар. Осындай айырмашылықтарды ескере отырып, мемлекет ерікті қоныс аудару тетіктерін іске асыруда. Оның түпкі мақсаты – бір өңірдегі еңбек әлеуетін екінші өңірдің экономикалық сұранысымен ұштастыру.

Халық санының өсуі, еңбек ресурстарының молдығы және ішкі көші-қон ағынының қарқындылығы Шымкент қаласын елдегі көші-қон үдерістерінің маңызды орталықтарының біріне айналдырып отыр. Қалада азаматтарды ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасына қатыстыру, қандастарды қолдау және оларға қатысты әлеуметтік мәселелерді үйлестіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, 2026 жылдың алғашқы он айының қорытындысы бойынша қаладан солтүстік және шығыс өңірлерге 196 отбасы немесе 817 адам қоныс аударған. Олардың басым бөлігі Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарын таңдаған. Атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан облысына 81 отбасы (375 адам), Павлодар облысына 53 отбасы (192 адам), Шығыс Қазақстан облысына 33 отбасы (121 адам) көшіп барған. Сонымен қатар Қостанай облысына 16 отбасы (62 адам), Абай облысына 7 отбасы (37 адам), Қарағанды облысына 3 отбасы (16 адам), Ұлытау облысына 3 отбасы (14 адам) қоныстанған.



Көші-қон саясатының тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – тарихи Отанына оралған қандастарды қолдау және олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау. Бұл бағытта да Шымкент қаласында тиісті жұмыстар атқарылуда. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне сәйкес, 2026 жылғы қаңтар-ақпан айларында 68 отбасы немесе 142 адам «қандас» мәртебесін алған.

Бұл көрсеткіштер оңтүстік өңір тұрғындарының мемлекеттік қоныс аудару бағдарламасына қызығушылығы бар екенін аңғартады. Әсіресе Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына бағытталған көші-қон ағыны аталған өңірлердегі еңбек ресурстарына деген қажеттілікпен де сабақтас. Қоныс аударған азаматтардың әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне назар аударсақ, 817 адамның 473-і – балалар, 234-і – еңбекке қабілетті азаматтар, ал 110-ы – үй шаруасымен айналысатын тұрғындар. Яғни көшіп барғандардың жартысынан астамын балалар құрайды. Бұл бағдарламаның тек еңбек нарығына ғана емес, өңірлердің демографиялық ахуалына да ықпал ететінін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Отбасылардың тұтасымен қоныс аударуы жаңа өңірлердегі мектептердің оқушы контингентін толықтыруға, әлеуметтік ортаның жандануына және ұзақмерзімді демографиялық тұрақтылыққа алғышарт қалыптастырады. Дегенмен бұл әлеуеттің нақты нәтижеге айналуы үшін көшіп барған отбасылардың тұрғын үй, білім беру, медициналық қызмет және жұмыспен қамту мәселелері кешенді түрде шешілуі қажет.

ҚАНДАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

Көші-қон саясатының тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – тарихи Отанына оралған қандастарды қолдау және олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау. Бұл бағытта да Шымкент қаласында тиісті жұмыстар атқарылуда. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне сәйкес, 2026 жылғы қаңтар-ақпан айларында 68 отбасы немесе 142 адам «қандас» мәртебесін алған. Сонымен қатар төрт азаматтың мәртебесі алты ай мерзімге ұзартылған.

Қолданыстағы тәртіп бойынша қандас мәртебесі Үкімет айқындаған қоныстандыру өңірлеріне көшу шартымен бес жыл мерзімге беріледі. Ал Шымкент қаласы қандастарды қабылдайтын өңірлер тізіміне кірмейтіндіктен, мұнда аталған мәртебе берілмейді. Осыған байланысты тарихи Отанына оралған азаматтардың белгіленген өңірлерге қоныстануы мемлекеттік көші-қон саясатының басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қандастарды елге қабылдау мен оларды өңірлерге орналастыру ұлттық демографиялық әлеуетті арттырумен қатар, адами капиталды толықтыруға мүмкіндік беретін маңызды бағыт. Алайда бұл үдерістің нәтижелі болуы үшін азаматтардың кәсіби біліктілігін ескеру, еңбек нарығына бейімдеу, құжаттандыру және әлеуметтік қолдау шаралары өзара үйлесімді жүргізілуге тиіс.

ӨҢІРЛІК ДАМУ МІНДЕТТЕРІ

Үкімет белгілеген қоныстандыру өңірлерінің қатарына Абай, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Ұлытау және Қарағанды облыстары кіреді. Бұл аймақтарда еңбек ресурстарын толықтыру, өндірістік қуаттарды дамыту, ауыл шаруашылығы мен шағын кәсіпкерлікті өркендету тұрғысынан қоныс аударушылардың әлеуетіне сұраныс бар.

Әр өңірдің экономикалық құрылымы мен еңбек нарығындағы қажеттілігі әртүрлі. Мәселен, ауыл шаруашылығы басым аймақтарда аграрлық мамандар мен маусымдық еңбек күшіне сұраныс болса, өнеркәсіптік өңірлерде техникалық және өндірістік мамандық иелеріне қажеттілік жоғары. Сондықтан қоныс аударушыларды орналастыру барысында тек өңірді таңдау емес, азаматтардың мамандығы, кәсіби тәжірибесі және отбасының әлеуметтік жағдайы да ескерілуі керек. Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігі қоныс аударған отбасылардың санымен ғана өлшенбеуге тиіс. Ең бастысы, олардың жаңа мекенде тұрақтап қалуы, тұрақты табыс табуы, балалардың білім алуына жағдай жасалуы және әлеуметтік ортаға толыққанды кірігуі. Егер осы мәселелер жүйелі шешілсе, көші-қон бағдарламасы өңірлік дамудың нақты драйверіне айнала алады.

Қалай алғанда да ерікті көші-қон – ортақ ұлттық мүддеге қызмет ететін жемісті саясаттың бағыты. Қазақстан үшін көші-қон саясатының стратегиялық маңызы алдағы жылдары да арта түспек. Өйткені өңірлердің экономикалық әлеуеті, халықтың орналасу тығыздығы, еңбек нарығындағы сұраныс және демографиялық өзгерістер өзара тығыз байланысты. Осы факторларды ескере отырып, ішкі көші-қонды тиімді басқару мемлекеттің орнықты дамуының маңызды шарттарының бірі болып қала береді. Шымкенттен 2026 жылдың он айында 196 отбасының солтүстік және шығыс өңірлерге қоныс аударуы – осы бағыттағы жұмыстың нақты көрсеткіштерінің бірі. Оның артында жаңа өмір бастауға бел буған азаматтардың таңдауы, еңбек етуге деген ұмтылысы және тұтас отбасылардың болашағына қатысты шешімі тұр. Әрине, көрсеткіш мұнымен тоқтап қалмасы анық. Қоныс аударушылардың көші әлі де молайып, ел аумағындағы тұтастық пен орнықтылықты нығайта берері даусыз.

СЕРПІН

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Ақтөбе облысында спорттық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қарқынды жалғасып келеді. Өңірде заманауи спорт кешендері мен дене шынықтыру алаңдары салынып, қолданыстағы нысандар жаңғыртылуда. Бұл бір жағынан, тұрғындардың спортпен тұрақты айналысуына қолайлы жағдай қалыптастырса, екінші жағынан, балалар мен жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттыруға жол ашады. Әсіресе ауылдық елді мекендерде спорт нысандарының қолжетімді болуы бұқаралық спортты дамытудың маңызды тетігіне айналып отыр.



АҚТӨБЕ СПОРТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ КЕҢ

Бұқаралық спорттың дамуы ең алдымен қолжетімді спорт инфрақұрылымына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Ақтөбе облысында спорт нысандарын көбейту мен жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Қалада ғана емес, ауылдық елді мекендерде де жаңа спорт кешендері мен дене шынықтыру алаңдары салынып, тұрғындардың жүйелі жаттығуына жағдай жасалуда.

Спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша Ақтөбе облысы республикада екінші орында тұр. Облыс әкімдігінің мәліметінше, 2024-2025 жылдары 19 жаңа спорт нысаны пайдалануға берілген. 2026 жылдың соңына дейін тағы 13 жобаны аяқтау жоспарланған. Соңғы үш жылда бюджет қаражаты есебінен 31 нысан іске қосылса, оның 24-і ауылдық жерлерде орналасқан.

Аймақтағы ірі жобаның бірі – жаңа футбол стадионының құрылысы. Мемлекет басшысының футболды дамыту және өңірлердегі спорт инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі тапсырмалары аясында Үкімет резервінен жобаға 6,5 млрд теңге бөлінген. Қаланың батыс бөлігіндегі 25 гектар аумақта бой көтеріп жатқан стадион 35 мыңға дейін көрермен қабылдай алады. УЕФА-ның төртінші санат талаптарына сай жобаланған кешенде футбол алаңынан бөлек, спортшыларға, командалар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған инфрақұрылым қарастырылған. Құрылысты 2028 жылдың қыркүйегінде аяқтау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ қаланың «Алтын Орда» әлеуметтік-іскерлік орталығында 5 мың көрерменге арналған әмбебап спорт кешені салынуда. Жалпы ауданы 31 мың шаршы метрден асатын нысанда орталық спорт аренасы, 50 метрлік бассейн, гимнастика, баскетбол және волейбол залдары, жаттығу бөлмелері болады. Кешен түрлі деңгейдегі жарыстарды өткізуге және тұрғындардың бірнеше спорт түрімен тұрақты айналысуына мүмкіндік береді.



Балалар спортын дамыту да назардан тыс қалған жоқ. Алға қаласында №2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ашылып, онда сегіз спорт бағыты бойынша үйірмелер ұйымдастырылған. Бұл жасөспірімдердің спорттық қабілетін шыңдап, болашақ чемпиондарды даярлауға жасалған мүмкіндік десек болады.

Спорт баршаға қолжетімді болуы керек деген қағиданы басшылыққа алған өңір басшылығы ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған инфрақұрылымды дамытуға да көңіл бөлуде. Биыл жылдың басында пайдалануға берілген «Қуат» инклюзивті спорт кешені – осы бағыттағы маңызды жобаның бірі. Жалпы аумағы 4 855 шаршы метрді құрайтын нысанда 106 жаңа жұмыс орны ашылған. Кешенде жүзу бассейні, әмбебап спорт және күрес залдары, жаттығу құрылғылары орнатылған бөлмелер, үстел теннисі залы мен ашық спорт алаңдары бар. Мұнда келушілер спорттың 20-дан астам түрімен айналыса алады. Олардың қатарында паралимпиадалық, сурдлимпиадалық және басқа да спорт бағыттары қамтылған. Жүзу, жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, үстел теннисі, парадзюдо, голбол, бочча, арбадағы теннис, футзал, күрес, шахмат және тоғызқұмалақ секілді спорт түрлеріне жағдай жасалған. Инклюзивті спорт кешендерін салудың маңызы тек дене шынықтыру мүмкіндігімен шектелмейді. Олар ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың қоғам өміріне белсенді араласуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне және өз мүмкіндіктерін көрсетуіне жол ашады.



Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, бүгінде елімізде шамамен 8,5 млн адам немесе халықтың 44,5 пайызы дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысады. Мемлекет 2029 жылға қарай бұл көрсеткішті 50 пайызға жеткізуді көздеп отыр.

Ақтөбе облысында да тұрғындарды бұқаралық спортқа тарту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Бүгінде өңірдің 418 мыңнан астам тұрғыны дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысады. Жарыстар, марафондар, спартакиадалар мен спорт фестивальдері тұрғындардың белсенділігін арттырып қана қоймай, спортты күнделікті өмір салтына айналдыруға ықпал етеді. Әсіресе балалар мен жасөспірімдерге арналған тегін секциялар мен спорт үйірмелерінің жұмысы маңызды. Мұнда дені сау ұрпақ тәрбиелеумен қатар, болашақ чемпиондарды даярлаудың алғашқы баспалдағы қалыптасады.

Өңірде республикалық және халықаралық жарыстар өткізу дәстүрі қалыптасып келеді. Ақтөбелік спортшылар әлемдік додаларда ел намысын қорғап жүр. Биыл өңірде алғаш рет шаңғы роллерінен FIS Roller Ski Asian Cup Азия кубогы және жастар арасындағы шаңғы жарысынан Қазақстан чемпионаты ұйымдастырылды. Халықаралық жарысқа Қазақстан, Моңғолия және Таиландтан 134 спортшы қатысты. Азия кубогында Ақтөбеден 14 спортшы бақ сынаса, ел чемпионатында өңір намысын 25 спортшы қорғады. Мұндай додалардың өңірде өткізілуі жергілікті спортшылардың тәжірибесін шыңдап, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге шаңғы роллерінен жарыстар өткізу қысқы спорт түрлерінің маусымаралық дайындығын жетілдіруде де маңызды саналады.



Ақтөбе өңірі әлемдік спорт ареналарында ел абыройын асқақтатқан талай чемпионды тәрбиелеп шығарды. Биылғы сегіз айдың қорытындысы бойынша облыс спортшылары әлем және Азия чемпионаттарында 10 медаль жеңіп алды. Оның үшеуі – алтын, үшеуі – күміс, төртеуі – қола. Жүлдегерлер қатарында грек-рим күресінен әлемнің екі дүркін және Азияның үш дүркін чемпионы Қуанышбек Жаңажол, әлем чемпионатының күміс жүлдегері Алмас Әли, дзюдодан ересектер арасындағы Азия чемпионы Әділет Алмат бар.

Ақтөбелік спортшылардың халықаралық аренадағы жетістіктері мемлекеттік деңгейде де бағаланды. Ерлік Сертай семсерлесуден командалық жарыстағы алтын медалі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды. Ал ММА спортшылары Еркінғали Бүркіталин мен Қадырбек Шынбаев халықаралық жарыстардағы алтын жүлделері үшін «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды. Бұл жеңістер – спортшылардың табандылығы мен жаттықтырушылар еңбегінің нәтижесі. Сонымен қатар олар өңірде қалыптасқан спорт мектебінің әлеуетін көрсетеді.

Ақтөбе облысында спорт саласын дамыту жұмыстарының ауқымы кең. Жаңа нысандар салу, бұқаралық спортты қолдау, балаларға жағдай жасау және халықаралық жарыстар өткізу бір-бірімен сабақтас бағыттарға айналған. Ал алдағы міндет – бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, спортпен тұрақты айналысатын тұрғындар санын арттыру және аймақ спортының әлеуетін одан әрі нығайту.

Тілек ҚАБЫЛ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



Тәуелсіздікпен түйдей құрдас Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры биыл 35 жылдық мерейлі белесіне көтерілді. Егемен елдің еңсесімен бірге тіктеліп, азаттықтың ақ таңымен қатар қанат жайған өнер ордасы осы жылдар ішінде қазақ руханиятының қара шаңырағына айналды. Ұлттық сахна өнерінің дәстүрін жаңашылдықпен ұштастырған театр талай тағдырды тартысты қойылымға, талай шындықты көркем шежіреге айналдырып, көрермен жүрегіне жол тапты. Отыз бес жылда сахна шымылдығы сан мәрте түріліп, әр қойылым уақыттың үнін, қоғамның тынысын, ұлттың жан дүниесін сөйлетті. Мерейтой қарсаңында біз Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының директоры Ербол Жақсыкелдіұлына бірер сауал қойған едік.

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН

– Ербол мырза, театрдың мерейтойы құтты болсын! Жалпы, театр тәуелсіздік алған жылы құрылған екен. Тарихы сол жылдан бастала ма, әлде ескі театр қайта жаңғырды ма?

– Рақмет! Расында, біздің театрымыз Тәуелсіздікпен түйдей құрдас. Еліміз егемендікке қол жеткізген тарихи кезеңде шаңырақ көтерген өнер ордасының өзіндік шежіресі бар. Театрдың негізін қалаған – қазақ театр өнерінің көрнекті өкілі Жақып Омаров. Ол кісі Жұмат Шанин атындағы Шымкент облыстық театрында режиссер болып қызмет атқарып жүрген кезінде Ақмолаға, сол кездегі Целиноград қаласына келіп, жаңа театрдың іргесін қалады. Бұл Целиноград өңірінде ашылған тұңғыш қазақ театры болатын. Сондықтан біздің театрдың құрылуы тек мәдени оқиға ғана емес, өңірдің рухани өміріндегі тарихи бетбұрыс болды деп айтуға толық негіз бар.

– Ол кезде Астана болатынын білмеген секілді.

– Әрине, ол кезде Целиноградтың болашақта тәуелсіз Қазақстанның астанасына айналарын ешкім білген жоқ. Жақып ағамыз осы өңірге келіп, қазақ театрының шымылдығын алғаш рет «Ақан сері – Ақтоқты» спектаклімен ашты. Қарағанды, Алматы, Шымкент және еліміздің өзге өңірлерінен талантты актерлерді шақырып, үлкен шығармашылық ұжым қалыптастырды. Театр аз уақыттың ішінде өз бағытын айқындап, өнер кеңістігінде таныла бастады.

1996 жылы Башқұртстанның Уфа қаласында өткен түркі тілдес елдердің театр фестиваліне Қазақстан атынан біздің театр қатысты. Шығармашылық ұжымды Жақып Омаровтың өзі бастап барған еді. Өкінішке қарай, сол сапар кезінде Жақып ағамыз кенеттен дүниеден өтті. Сөйтіп, театр ұжымы фестивальдан марапатпен бірге өзінің негізін қалаған аяулы азаматтың сүйегін елге алып қайтты. Бұл бүкіл ұжым үшін орны толмас қайғы болды.

– Одан кейін ұмытпасақ, театрға Қадыр Жетпісбаев жетекшілік етті.

– Иә, Жақып ағамыздан кейін театр тізгінін режиссер, драматург Қадыр Жетпісбаев ағамыз ұстады. Ол кісі де шығармашылық ұжымның қалыптасуына, театрдың өнер жолын жалғастыруына өзіндік үлес қосты. Өкінішке қарай, Қадыр ағамыз да театрды ұзақ басқара алмады, өмірден ерте өтті.

– Әзірбайжан Мәмбетовтің келгені қай кез?

– Кейін театрға қазақ сахна өнерінің заңғар тұлғасы Әзірбайжан Мәмбетов арнайы Алматыдан шақырылды. Әзағаңның келуі театрдың шығармашылық тынысына жаңа серпін берді. Алайда денсаулығына байланысты ол кісі де ұзақ уақыт қызмет атқара алмады. Соған қарамастан, осы үш тұлғаның театр тарихында қалдырған ізі айрықша. Олар өнер ордасының іргесін бекітіп, шығармашылық бағытын қалыптастырып, кәсіби деңгейінің өсуіне өлшеусіз еңбек сіңірді.

Бүгінде біз сол ағаларымыз қалыптастырған сара жолды жалғастырып келеміз. Міне, биыл театрымыз 35 жасқа толып отыр. Бұл – біз үшін үлкен мерей, маңызды белес. Осы мерейтой аясында театрдың кіші залына Жақып Омаровтың есімін беру мәселесін қарастырып жатырмыз. Сондай-ақ әр жылдары театрда еңбек еткен ардагерлеріміздің құрметіне арнайы галерея ашуды жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, театрдың 35 жылдық тарихын қамтитын мерейтойлық кітаптың тұсаукесері өтеді. Мерекелік шаралар салтанатты кешпен қорытындыланады.

Алғаш құрылған кезде өнер ордасы Ақмола облыстық драма театры деп аталды. Кейін оған қазақ сахна өнерінің көрнекті қайраткері Қалибек Қуанышбаевтың есімі берілді. Уақыт өте театр академиялық мәртебеге ие болды. Ал 2024 жылы Президент Жарлығымен Ұлттық театр мәртебесі берілді. Бұл ұжымның ұзақ жылғы шығармашылық еңбегіне көрсетілген үлкен құрмет деп білеміз.

– Алғашқы (құрылған) кезде труппада қанша адам болды? Қазір театрда қанша адам жұмыс істейді?

– Алғашқы кезде театр ұжымы 110 адамнан құралған болатын. Ал бүгінде мұнда 460 қызметкер еңбек етеді. Осының өзі өткен 35 жылда өнер ордасының қаншалықты өсіп-өркендегенін көрсетеді. Қазір біздің қолымызда заманауи ғимарат, кәсіби шығармашылық ұжым және жаңа қойылымдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін материалдық-техникалық база бар. Сондықтан алдағы жоспарымыз да ауқымды. Театрдың шығармашылық әлеуетін арттырып, көрерменге жаңа бағыттағы, заманауи қойылымдар ұсынуға күш салып жатырмыз.

– Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрынан да бірқатар актер осында ауысты. Ол кісілер Әзірбайжан Мәмбетов басқарған жылдары келді ме?

– Иә, Әзірбайжан Мәмбетов ағамызбен бірге Алматыдан қазақ театр өнерінің белгілі өкілдері де келді. Олардың қатарында Гүлжан Әспетова, Ләйлә Ханинго-Бекназар, Тілектес Мейрамов, Кеңес Нұрланов сынды сахна майталмандары бар. Бұл өнер иелері елорда театрының шығармашылық тынысын кеңейтіп, кәсіби деңгейінің артуына үлкен үлес қосты.

– «Ақан сері – Ақтоқтыдан» кейін қандай классикалық шығармаларды қойды?

– Театрымыздың репертуарында қазақ және әлем әдебиетінің классикалық туындылары әрдайым маңызды орын алып келеді. Әсіресе Әзірбайжан Мәмбетов сахналаған қойылымдардың орны бөлек. Қазір сол шығармаларды қайта жаңғыртып, бүгінгі көрерменге ұсынуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Мәселен, «Ғасырдан да ұзақ күн» спектаклі әлі күнге дейін театр сахнасынан түскен жоқ. Әрине, уақыт өте декорациялар ескіреді, сахналық безендірудің кейбір элементтері жаңартуды қажет етеді. Бірақ қойылымның көркемдік құндылығы мен режиссерлік шешімі өз маңызын жоғалтқан емес. Жақып Омаров ағамыздың да кезінде сахналаған бірқатар шығармасы бар. Алдағы уақытта сол туындыларды қайта жаңғыртып, көрерменге ұсынуды жоспарлап отырмыз. Бұл театр тарихында өшпес із қалдырған тұлғалардың еңбегіне көрсетілген құрмет болмақ.



– Театрдың 35 жылдық тарихында ең ұзақ қойылған спектакль бар ма?

– Репертуардан ұзақ жылдар бойы түспей келе жатқан қойылымдардың бірі – «Ғасырдан да ұзақ күн». Бұл спектакль бірнеше буын көрерменнің ықыласына бөленді. Мұндай туындылардың сахналық ғұмыры ұзақ болуы олардың көркемдік қуаты мен көтерген мәселелерінің өміршеңдігін көрсетеді. Сонымен қатар театрымыздың көркемдік жетекшісі Гүлсина Мерғалиева Мұхтар Әуезовтің «Қарағөз» трагедиясын сахналады. Бұл қойылымды Әзірбайжан Мәмбетов ағамыздың рухына тағзым ете отырып, қайта жаңғырттық.

– «Қан мен тер» де қайта қойылған жоқ па?

– Иә, «Қан мен тер» спектаклі де қайта жаңғыртылды. Бұл шығарма – қазақ әдебиеті мен театр өнерінің алтын қорынан орын алған туындылардың бірі. Сондықтан осындай классикалық дүниелерді сахнаға қайта әкелу арқылы ұлттық драматургияның құндылығын сақтап, оны жаңа буын көрерменге таныстыруды көздейміз.

– Бір кездері театрға көрермен аз келген кездері де болды. Қазір керісінше, спектакльдердің көпшілігі аншлагпен өтіп жатыр. Бұл қойылымдардың деңгейі өскенін көрсете ме, әлде көрерменнің талғамы өзгеріп жатыр ма?

– Менің ойымша, мұның бірнеше себебі бар. Ең алдымен, бүгінгі көрерменнің талғамы өзгерді. Әсіресе жастардың ойлау жүйесі, дүниетанымы, өнерді қабылдауы бұрынғыдан өзгеше. Қазіргі көрерменді сахнадағы оқиғамен ғана қызықтыру жеткіліксіз. Оған тың режиссерлік шешім, терең мазмұн, заманауи сахналық тіл қажет.

Театр басшысы ретінде көрерменнің пікірін үнемі бақылап отырамын. Әлеуметтік желілерде жазылған пікірлерді, сын-ескертпелерді назардан тыс қалдырмаймын. Егер белгілі бір спектакльге қатысты сын айтылса, оны шығармашылық топқа жеткізіп, бірге талқылаймыз. Өйткені сыннан қашуға болмайды. Керісінше, орынды айтылған пікір театрдың дамуына ықпал етеді.

– Репертуар түзгенде көрерменнің сұранысы ескеріле ме? Мәселен, бір спектакль айына неше рет қойылады?

– Репертуар қалыптастыруда қатып қалған қағида жоқ. Ең алдымен, көрерменнің қызығушылығын, шығарманың көркемдік деңгейін және театрдың мүмкіндігін ескереміз. Егер белгілі бір спектакльге сұраныс жоғары болып, билеттер тез сатылып кетсе, оны қосымша сахналауымыз мүмкін. Кейде бір күнде екі мәрте қоюға да тура келеді.

– Қазір қазақ театрлары сырттан режиссер жиі шақыратын болды. «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» Мәскеуден келген режиссер қойғанын білеміз. Бұл үрдіс тәжірибе алмасу болып санала ма?

– Әрине, мұны шығармашылық тәжірибе алмасудың бір жолы деп қарастыруға болады. Қазір заман өзгерді, көрерменнің талғамы да, өнерге қоятын талабы да басқа. Әсіресе жастар классикалық шығармаларды жаңаша қабылдағысы келеді. Сондықтан белгілі туындыларды заманауи сахналық тәсілдер арқылы ұсынудың маңызы зор. Мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектакліне жастар өте көп келеді. Қойылым үнемі аншлагпен өтеді. Бұл ұлттық классиканың бүгінгі буын үшін де қызықты екенін көрсетеді. Одан кейін «Ромео мен Джульетта» спектаклін сахналадық. Оған да Мәскеуден режиссер шақырдық. Ұланбек Баялиев әлемдік классиканы өзгеше режиссерлік шешіммен, заманауи стильде ұсынды. Мені ерекше қуантатыны – бүгінгі көрерменнің театрға деген көзқарасы. Олар қойылымды жай ғана тамашалап кетпейді, режиссерлік шешімге, актерлік ойынға, сахналық безендіруге дейін талдап, өз пікірін білдіреді. Кейде кәсіби режиссер секілді ой қозғайды. Бұл – театр өнеріне бейжай қарамайтын, талғамы қалыптасқан аудиторияның өсіп келе жатқанының белгісі.

– Кез келген шығарманы репертуарға бекітер алдында театр қандай талапты ұстанады? Оның сапасына, көрерменді жинауына (нарық заңына қарай) мән бересіздер ме?

– Біздің театрда көркемдік кеңес жұмыс істейді. Репертуарға ұсынылатын шығармаларды ең алдымен осы кеңес жан-жақты талқылайды. Мен оның жұмысына тікелей араласпаймын. Өйткені көркемдік кеңестің төрағасы – театрдың көркемдік жетекшісі. Кеңес құрамына он-он бес маман кіреді. Олар ұсынылған шығарманың көркемдік сапасын, идеялық мазмұнын, сахналық мүмкіндігін егжей-тегжейлі саралайды. Шығарма кеңестің талқылауынан өтіп, мақұлданғаннан кейін ғана оны жұмыс жоспарына енгіземін. Яғни репертуар қалыптастыруда ең алдымен кәсіби шығармашылық ұстанымға сүйенеміз.

Алдағы жоспарымызда да маңызды туындылар бар. Жаңа жылға дейін Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын сахналауды көздеп отырмыз. Қойылымның режиссері – Жұлдызбек Жұманбай. Қазір дайындық жұмыстары басталды. Жоспар бойынша спектакльді желтоқсан айының соңына қарай көрермен назарына ұсынамыз.

– Аға буын мен жастар арасындағы сабақтастық қалай?

ТАМЫРЛАС Театр

– Біздің театрда буындар сабақтастығы жақсы қалыптасқан. Аға буын өкілдері жастарға қамқорлық танытып, өз тәжірибесімен бөлісіп отырады. Ал жас актерлеріміз үлкендердің еңбегін бағалап, оларға ерекше құрмет көрсетеді. Осындай өзара сыйластық ұжымның шығармашылық бірлігін нығайта түседі. Біз үшін театр – тек жұмыс орны емес, үлкен отбасы. Мұнда әр адамның еңбегі, шығармашылық ізденісі, сахнаға деген адалдығы маңызды. Аға буынның мол тәжірибесі мен жастардың тың көзқарасы тоғысқанда ғана өнердің өрісі кеңейеді. Бүгінде театрымыз жаңа шығармашылық белеске көтеріліп келеді деп сеніммен айта аламын. Тәуелсіздікпен бірге шаңырақ көтерген өнер ордасы 35 жыл ішінде талай сыннан өтіп, өзіндік дәстүрі қалыптасқан ұлттық театрға айналды. Ендігі мақсат – сол дәстүрді сақтай отырып, заман талабына сай дамып, қазақ театр өнерінің көкжиегін кеңейту. Біз үшін ең үлкен жетістік – көрерменнің сенімі мен ықыласы. Сол сенімге лайық болу жолында еңбек ете береміз.



Гүлжан ӘСПЕТОВА,
Қазақстанның халық әртісі:

ЖАҚАҢНЫҢ ЖАҚСЫ АТЫ ҚАЛДЫ

– Жақаңды жастайымнан білемін. Ол Мұхтар Әуезов атындағы театр жанындағы студияны тәмамдап, өнер жолын актерліктен бастаған екен. Кейін режиссура мамандығына оқуға түсіп, шығармашылық ізденістің жаңа бір белесіне қадам басты. Мен 17 жасымда актерлік бөлімге қабылданған кезде Жақаң режиссурада білім алып жүрген еді. Сол күндер әлі күнге дейін көз алдымда. Орта бойлы, қағылез, қимылы ширақ, мінезі жайдары, кішіпейіл жігіт болатын. Өнерге деген ынтасы ерекше еді. Әсіресе әнді ғажап орындайтын. Әуелетіп ән салғанда айналасындағыларды бірден баурап алатын. Жақаңның қалжыңы да жарасымды еді. Кейде маған қарап: «Әй, Әспетова, сен қыр мұрын болсаң, сондай сұлу болар едің», – деп әзілдейтін. Мен болсам сол сөзді көңіліме алып, үйге барған соң шешеме: «Мені неге пұшық қылып тудың?» – деп ренжітінмін. Қазір ойлап отырсам, жастық шақтың сондай аңғал да алаңсыз күндері қандай қымбат десеңізші! Жақаңның сол бір әзілінің өзінен оның адамдармен етене араласа білетін ашық мінезі, ешкімді жатсынбайтын аққөңіл болмысы байқалатын.

Жақаңның ең үлкен арманының бірі қазақ театрының өрісін кеңейту, елге қызмет ететін жаңа өнер ордасын қалыптастыру болды. Сол арманын жүзеге асыру жолында оның қалай жүгіргенін, қаншама есікті қағып, қаншама қиындықты еңсергенін өз көзімізбен көрдік. Театр ашу деген оңай шаруа емес. Оның үстіне, жаңа өнер ұжымын құру үшін тек шығармашылық қабілет жеткіліксіз. Қаншама ұйымдастыру жұмысы, жауапкершілік, табандылық керек. Жақаң осының бәрін мойнына алды. Өнерге деген адалдығы мен қайсарлығы оны ешбір кедергіге мойытпады.

Ақыры, шырылдап жүріп, театрды ашты. Бұл оның жеке басының ғана қуанышы емес, қазақ өнері үшін де маңызды оқиға болды. Әр өңірден талантты әртістерді жинап, бір шаңырақтың астына топтастырды. Жаңа театрдың іргесін бекітіп, шығармашылық ұжым қалыптастыруға бар күш-жігерін жұмсады. Оның үстіне, әртістердің тек сахнадағы өнерін ғана емес, тұрмыстық жағдайын да ойлады. Жан-жақтан келген актерлердің баспаналы болуына көмектесті.

Адам ғұмырының ұзақтығы жылдармен ғана өлшенбейді екен. Артында қалдырған ісімен, елге сіңірген еңбегімен, адамдардың жүрегінде сақталған жақсы атымен өлшенеді. Жақаңның өмірі осының айқын дәлелі. Ол өзі өмірден өтсе де, арманына айналған театры қалды. Бүгінде сол өнер ордасының 35 жылдық мерейтойын атап өтіп отырғанымызда, оның негізін қалаған азаматтың жанкешті еңбегін еске алмау мүмкін емес.

Түймехан АТЫМТАЕВА,
актриса, Жақып Омаровтың жары:

ШӘМШІГЕ БЕРІЛГЕН СЕРТ

– Консерваторияның театр бөлімін бітіргеннен кейін мені Алматыда қалдырмақшы болды. Шекспирдің «Асауға тұсауында» Катаринаның рөлін ойнап жүрген кезім. Соған қарамастан, елге кетуді мақсат тұттым да, Шымкенттегі Жұмат Шанин атындағы театрға жұмысқа тұрдым. Сол театрға бас режиссер болып, Қарағандыдан Жақып Омаров келді. Театрда «Ақан сері – Ақтоқты» спектаклін қойды. Мен Ақтоқтыны ойнадым. «Абай-Әйгерімде» Әйгерім образы бұйырды. Бізді (Жақып екеумізді) сахна табыстырды. Өте талапшыл, талантты азамат еді. Сөйтіп жүргенде Ақмоладан қазақ театрын ашу керек болды. Ол кездері «Целиноград Астана болады екен» деген сыбыстар еміс-еміс айтылып жататын. Сол кезде де осындағы азаматтар (Целиноградтағы) Жақаңды шақырып, театр ашу идеясын ұсынады. Жақаң елдегі ағайынның сөзін жерге тастамай, осында көшіп келдік. Бұл 1990 жыл болатын. Ешқандай ғимаратымыз жоқ, театрдың ашылғанын білдіру керек деген соң, дайындықты бастап кеттік. Жақаң жан-жақтан актерлерді жинай бастады. Театр ашпастан бұрын, концерттік бағдарлама дайындап, айналадағы ауыл-аймақты араладық. Жеке ғимаратымыз жоқ, «не істейміз?» деп күн сайын әкімдікке барады. Ол кезде Светлана Жалмағамбетова Брауннның орынбасары, біздің жанашырымыз сол кісі. Жақаңның мінезі тік қой, айғай-шумен жүріп, әйтеуір театр ашуға мүмкіндік алды. Театрдың төл ғимаратына да қол жеткізді. Шағын залы бар, кішкентай ғана ғимарат болса да, қуанышымызда шек жоқ. Жабдықтар алып, еден-терезесін жуып, сахналық киімімізді реттеп, кішігірім ұжымға айналдық. Бірінші рет «Ақан сері – Ақтоқтыны» Конгресс-холлда қойды. Көрерменнің қуанышында шек жоқ. Тұрғындардың бәрі шатшадыман, қуанып, үйіндегі барын әкеп, бізге тапсырды.



Жақаңның алғаш сахналаған қойылымдарының бірі – Шәмші Қалдаяқовтың өміріне арналған спектакль еді. Бұл туындының дүниеге келу тарихының өзі бір қызық. Ол кезде біз Шымкентте тұратынбыз. Бір күні үйімізге қазақтың әйгілі композиторы Шәмші Қалдаяқов пен драматург Оразбек Бодықов қонаққа келді. Қолдарында «Қайран, Шәмші» атты пьесаның қолжазбасы бар екен. Көлемі шағын ғана сол қолжазба әлі күнге дейін менің үйімде сақтаулы тұр.

«Қонақтар келеді» деген соң ет асып, дастарқан жайып, күтіп отырдық. Шәмші ағамызды сол жолы алғаш рет жақыннан көріп, әңгімесін тыңдадым. Басында тақиясы бар, өзі жұқалтаң келген, жүзінен жылы жымиысы кетпейтін, өте қарапайым кісі екен. Сөйлеген сөзінің өзінен ерекше бір сыпайылық, биязылық сезіліп тұратын. Сол күні біздің үйдің іші кәдімгі концертке айналды. Шәмші ағамыз ән шырқап, бәрімізді бір серпілтіп тастады. Әсіресе «Құсни-Қорланды» алғаш рет композитордың өз орындауында тыңдағаным әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Сол бір ғажайып сәттер жадымда мәңгі сақталып қалды.

Ет желініп, дастарқан басындағы әңгіме саябырсыған соң, пьесаны оқу басталды. Жақаң шығарманы әуел бастан режиссерлік көзбен қабылдайтын адам ғой. Әр көріністің сахнадағы салмағын, драматургиялық тартысын, кейіпкерлердің болмысын ой елегінен өткізіп отырады. Бір кезде Оразбекке қарап: «Мына пьесаңызда ештеңе жоқ қой», – деп қойып қалды. Оразбек те қызуқанды, мінезі тік адам. Мұндай сөзге бірден шамданып, екеуінің арасында кәдімгідей пікірталас басталды. Бірі шығармасын қорғайды, екіншісі режиссер ретінде өз талабын айтады. Біразға дейін сөз таластырып қалды. Ал Шәмші ағамыз сол баяғы биязы қалпынан танған жоқ. Екеуінің әңгімесін сабырмен тыңдап отырып: «Жақа, бұл пьесаны Шымкент театрына да апардым, Жетісай театрына да ұсындым. Бірақ ешқайсысы қоймай жатыр», – деді. Сонда Жақаң еш ойланбастан: «Мені Ақмолаға театр ашуға жіберіп жатыр. Осы пьесаны өз мойныма аламын. Қайтсем де сіз туралы спектакль қоямын», – деп уәде берді. Мұны естіген Шәмші ағамыздың қуанышында шек болмады. Өйткені өз өмірі мен шығармашылығына арналған туындының сахнаға шыққанын көру ол кісі үшін де үлкен арман болса керек. Кейін Жақаң айтқан сөзінде тұрып, пьесаны сахналауға шындап кірісті. Бір күні Алматыдан Оразбек Бодықовты арнайы шақыртып алды. Екеуі бас қосып, шығарманы қайта жазуға отырды. Жақаң режиссер ретінде сахнаға лайық көріністерді ойластырып, оқиғаның өрбуіне, кейіпкерлердің мінезін ашуға ерекше көңіл бөлді. Арасында Шәмші ағамызға хабарласып, өміріндегі кейбір оқиғаларды, деректерді нақтылап алып отырды. Естігендерінің бәрін қағазға түсіріп, пьесаның мазмұнын толықтыра түсті. Сөйтіп, небәрі он бес күннің ішінде жаңа сахналық туынды дүниеге келді.

Нұрай Танабаев деген әнші бар. Түр-тұлғасы Шәмші ағамызға қатты ұқсайтын. Өзі ақсары, беті жұқалтаң, тіпті сөйлеу мәнері мен дауыс интонациясына дейін келетін. Жақаң Шәмшінің бейнесін сахнада осы әнші сомдаса деген ойға тоқтады. Оразбек арқылы Нұрайдың суретін Шәмші ағамызға беріп жіберген екен. Суретті көрген композитор: «Әй, мынау менің көшірмем ғой!» – деп таңғалыпты. Мұны естігенде бәріміз де қуанып қалдық. Жақаң Шәкеңмен күн сайын дерлік хабарласып, спектакльдің дайындығы туралы айтып отыратын. Композитордың көзі тірісінде қойылымды сахнаға шығарып, өзіне көрсетуді қатты армандады. Бірақ тағдырдың өз дегені бар екен. Бір күні Оразбек келіп, Шәмші ағамыздың қатты ауырып, ауруханаға түскенін айтты. Бұл хабар бәрімізді алаңдатты. Арада көп уақыт өтпей, композитордың дүниеден озғаны туралы суық хабар жетті. Жақаң мұны өте ауыр қабылдады. Өйткені Шәкеңе берген уәдесін орындап, спектакльді көзі тірісінде көрсеткісі келген еді. Соған үлгере алмағанына қатты өкінді. Дегенмен бастаған ісін аяқсыз қалдырмауға бекінді. «Қалайда бұл спектакльді сахнаға шығаруым керек. Шәмші ағамызға берген уәдемді орындауға тиіспін», – деп бар күш-жігерін жұмсады. Ақыры сол туынды «Айналдым, Ақмаңдайлым» деген атпен сахнаға жол тартты. Бұл Жақаңның Шәмші ағамызға деген құрметінің, өнер адамына берген сертке адалдығының көрінісі еді. Өкініштісі, композитор өз өміріне арналған қойылымды көре алмады.

Театрымызға бес жыл толған жылы Уфа қаласында түркі елдері театрларының фестивалі өтіп, соған шақырту алдық. «Алдаркөсе» спектаклін апардық. Бүкіл ТМД елдерінен келген театр сыншылары қазылық етті. Спектакль үш номинацияны жеңіп алды: үздік режиссер, ең үздік актер аталымы мен «Үміт» сыйлығын иемдендік. Қуанышымызда шек жоқ. Бірінші сөзді Жақаңа берді. Ол ортаға шығып, сөйлеп тұрған. Бір сәт жүрегін ұстап, сол жағына қарай қисая кеткені...Бүкіл түркі тілдес театр ұжымдары отырған. Жедел жәрдем шақырдық. Аман алып қала алмады. Тура көз алдымда аттанып жүр берді ғой... Сүйегін елге алып келдік...

Жақаң өмірден өткенде артында әке мейіріміне әлі де зәру, шиеттей төрт баласы қалды. Үлкені небәрі 12 жаста, ал кенжесі беске енді толған еді. Тағдырдың жазуымен әке алақанынан ерте айырылған сол балалар бүгінде ержетті, өз алдына азамат болды. Ал Жақаңның бар ғұмырын арнап, жүрек жылуымен іргесін қалаған театры биыл 35 жылдық мерейлі белесіне көтерілді. Тәуелсіздікпен түйдей құрдас өнер ордасы азат елдің руханиятымен бірге түлеп, уақытпен бірге есейіп, бүгінде қазақ театр өнерінің іргелі шаңырағына айналды. Жақаңның өзі осы қуанышты күндерді көре алмаса да, оның асыл арманы сахна төрінде өмір сүріп келеді.

Қазір Астанада Жақып Омаровтың есімі берілген көше бар. Бір ғажабы, сол көшенің бойында өзі кезінде табанынан тозып жүріп ашқан театрдың ғимараты әлі тұр. Бұл да бір тағдырдың ғажап үйлесімі секілді. Алайда Жақаңның қазақ өнеріне сіңірген еңбегі бұдан да биік құрметке лайық деп ойлаймын. Көңілімізде көптен бері жүрген бір арман бар. Ол – Астанадағы бір театрға Жақып Омаровтың есімі берілсе деген тілек. Адам өмірден өтсе де, артында қалдырған еңбегі ұмытылмауға тиіс. Жақаңның есімі театрмен бірге жасаса, бұл бір азаматқа ғана көрсетілген құрмет емес, тұтас қазақ театр өнерінің тарихына жасалған тағзым болар еді.

Гүлзина БЕКТАС

ПАРАСАТ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



ЛОГИКАНЫҢ ТАРЛАНЫ

Ғылым жолы – табандылықты, терең білімді, ізденісті және өз ісіне деген шынайы адалдықты талап ететін жауапты жол. Әсіресе адамзаттың болмысы мен санасын, қоғам мен руханияттың күрделі мәселелерін зерделейтін іргелі ғылым саласына жататын философия бағытында еңбек ету үлкен парасат пен биік мәдениетті қажет етеді. Осындай өнегелі жолды абыроймен жүріп келе жатқан ғалымның бірі ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, философия саласының білікті маманы, Қазақстанның жоғары білімі мен ғылымына сүбелі үлесін қосып келе жатқан Лесхан Әмірханұлы Асқарды айтар едік.

Биылғы жыл Лесхан ағайдың оқытушылық-шығармашылық өмірі айтулы белеспен – 70 жылдық мерейтоймен қатар келіп отыр.

Лесхан ағаймен біздің таныстығымыз да 1992 жылы Қазақ ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультетінің философия мамандығына оқуға түсіп, сол заманда «сельхозка» деп аталатын Алматы қаласының іргесіндегі көп колхоздың бірінде қызылша, картоп секілді өнімдерді жинауға барған ауылшаруашылық науқанында бастау алып, одан бері уақытта беки түсті. Студенттік шақтың екпінімен жұмысты жапырып істеп, кешке қос басындағы ән-күй мен қызықты әңгімелермен өткен 3 апталық сельхозка бір-бірімізді етене тануымызға себеп болып еді. Кешкі астан кейінгі жиі болып тұратын басқосуларда Лесхан ағайымыз адамзат тарихындағы философиялық ойлар, мектептер мен ізденістер туралы жанды баурап әкететін пікірлерімен бөлісіп отыратын. Лесхан ағайдың осындай кездесулердің бірінде айтқан «Білім алуда да, беруде де көп нәрсе өзгереді, өйткені бұрынғы жүйе жоқ, ал жаңа жүйе жаңа шешімдерді қажет етеді. Бұл – заңдылық. Сондықтан сіздердің көңілдеріңізді де «Философия мамандығын неге таңдадым, мен осы мамандыққа дұрыс түстім бе және бұл маған не береді?» деген сауалдар жиі мазалайтын болады. Әрине, оған әркім өз мүмкіндігіне қарай жауап берер, біреулеріңіз мұлдем кетулеріңіз, екіншілеріңіз басқа мамандыққа ауысуларыңыз әбден мүмкін. Алайда бір нәрсені анық айта аламын: қоғамда өмір сүріп, оның алдымызға қоятын сан түрлі сауалдарына ой жүгіртетін адам ешқашан философиядан алыс бола алмайды. Ал өзін ғылым саласымен байланыстырғысы келетін адам үшін философия базалық ғылым, дүниетанымдық бағдар ретінде мәңгі қала береді» деген толғанысы әлі күнге дейін жадымызда.

Жалпы, 1992-1996 жылдар аралығында біздің қазақ тобымызға куратор болған Лесхан Асқаров ағайымыздың орны бөлек. Лесхан ағамыз біздің тобымызға философия тарихы мен формальды логика пәндерінен дәріс беріп, зейінімізді ашқан ұстаз болуымен қатар өзінің кісілік қасиеті мен адамгершілік болмысымен үнемі жанымыздан табылатын жанашыр аға болып қалды.



1987-1990 жылдар аралығында М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде философия мамандығы бойынша аспирантурада оқып, сол жерде «Ұлтаралық қатынастардағы идеологиялық үдерістерді реттеу мәселелері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Енді қысқа түрде Лесхан ағамыздың өмірбаянына тоқтала кетейік. Лесхан Әмірханұлы Асқаров 1956 жылғы 15 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысында (қазіргі Түркістан облысы) дүниеге келген. 1974 жылы Шымкент қаласындағы №12 мектеп-интернатты бітіріп, 1976-1978 жылдары кеңес армиясы қатарында әскери қызметін өтеді. 1978-1983 жылдар аралығында сол кездегі С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Философия және экономика факультетінің философия бөлімін тәмамдады. 1983-1987 жылдары Алматы сәулет құрылыс институтында ұстаздық етті.

1987-1990 жылдар аралығында М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде философия мамандығы бойынша аспирантурада оқып, сол жерде «Ұлтаралық қатынастардағы идеологиялық үдерістерді реттеу мәселелері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

1992 жылдың қаңтар айынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультетінде доценттік қызмет атқарып келеді.

1992-1993 жылдары Түркия Республикасының Ыстамбұл университетінде біліктілігін жетілдірді.

Ғылыми-оқытушылық салада логика, түркі мәдениеті мен философиясы, қазақ философиясы, ғылым тарихы мен философиясы, сыни ойлау тақырыптарына баса көңіл бөледі. Ұзақ жылғы оқытушылық, шығармашылық жұмыстары мен ғылыми ізденісінің нәтижесінде 200-ден астам ғылыми мақалалар, оқулықтар, оқу құралдары мен монографиялары жарық көрді.

Лесхан ағамыз философия ғылымының іргелі бағытын құрайтын логика саласындағы ғылыми ізденісінде Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың логика іліміне қосқан үлесін талдап, салыстырмалы зерттеулер жасады. Атап айтқанда, 2014 жылы жарық көрген «Логика как феномен культуры мышления в контексте истории философии» атты монографиялық еңбегінде логика ғылымының тарихына сараптама жасап, батыстық және шығыстық ғалымдардың логика туралы іздестірулері мен идеяларын талдап көрсете келе, жұмыстың үшінші тарауының екінші бөлімінде әл-Кинди, әл-Фараби және Ибн Сина логикасының ерекшелігін антика дәуіріндегі ойшылдардың дүниетанымдарымен салыстыра талдап, олардың логика саласына қосқан өзіндік үлесін толық түсіндіріп бере алды.

Лесхан Әмірханұлы 2019 жылы жарық көрген «Фарабитану» атты оқу құралындағы ұжымдық еңбекте және 2015 жылғы баспадан шыққан «Өрісті логика» атты еңбегінде әл-Фарабидің таным теориясы мен логикалық трактаттары туралы еңбектеріне терең пайымдағы түсіндірмелер беріп, өз зерттеулерінің нәтижесі мен төлтума тұжырымдарын ғылыми ортаға паш етті.

Философ ғалымның басты ерекшелігі – дайын жауапты ұсынудан бұрын, адамды ойлануға жетелеу. Осы тұрғыдан алғанда, Лесхан Әмірханұлы – өзі білім алған қара шаңырақтың қабырғасында дәріс оқып, жас ұрпақтың санасына білім нәрін беріп жүрген ұлағатты ұстаздықтың үлгісін көрсетіп жүрген жан. Өйткені қай дәуірде де ұстаз алдынан өткен әрбір шәкірт үшін өнегелі тұлғаның айтқан сөзі, берген бағыты мен ғылыми ізденіске бағдарлаған ұстанымы өмірде басшылыққа алатын ұстын болып қала берері хақ.

Сондықтан біздің тобымыз үшін Лесхан Әмірханұлының тұлғасы – ғылым мен білімге деген ынтызарлықтың, өз шәкірттеріне барын беремін деген ұстаздықтың жарқын үлгісі.

Алдымызда жүрген ағамыз, білім берген ұстазымыз және бүгінгі күні қара шаңырақтағы төл факультетімізде әріптесіміз ретінде жанымызда жүрген Лесхан ағайымыздың деніне саулық, отбасына амандық тілейміз және ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көре беруіне тілектеспіз!

Қанат НҰРҒАЛИЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия кафедрасының аға оқытушысы

КЕЛБЕТ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Адамның мінез-құлқы, мақсат-мұраты өскен ортасы, көрген тәрбиесі, үлгі тұтар тұлғалардың өнегесімен байланыста қалыптасады. Түптеп келгенде, бала алдында тұрған асқар таудай әкесіне, анасына немесе елінің атақты адамдарына қарап, соларға ұқсап бағуға тырысады, солардан өнеге алады, яғни жоғарыдағы нақыл сөздің астарлы мағынасы осыған саяды демекпіз.



ШОҚАННЫҢ АУЫЛЫНАН ШЫҚҚАН АКАДЕМИК

Осы тұрғыдан келгенде мақала кейіпкері Сәрсенбай Әбдірахмановтың өмірде жолы болған адам демекпіз. Өйткені оның туып-өскен жері, қазақтың әйгілі әнші-композиторы, ақын Ақан сері Қорамсаұлы «Ауылым қонған Сырымбет саласына, Ғашық болдым ақ сұңқар баласына...» деген елге белгілі өлеңіндегі, әсем табиғаты Сәкен Сейфуллин жырлаған «Көкшетау» поэмасындағы өлең жолдарындағы «Сексен көл Көкшетаудың саясында, Әрқайсы алтын кесе аясында. Ауасы дертке дауа, жұпар иісті, Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?» деп келетін, Бурабай мен Көкшетау өңірінің табиғатын, оның сұлулығы мен шипалы ауасын ерекше суреттеген әйгілі өлке. Одан бөлек, халқымыздың небір ығай мен сығайлары шыққан құнарлы топырақ...

Сәрсенбай Қадырұлы 1966 жылы 14 қарашада Көкшетау облысы Володар ауданы Сырымбет ауылында (бүгінгі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылы) дүниеге келген. Бұл жерде ұлы ғалым, ағартушы әрі саяхатшы Шоқан Уәлихановтың балалық шағы өткен. XIX ғасырда Уәли ханның жесірі, Шоқан Уәлихановтың дана әрі көреген әжесі Айғаным ханымға Ресей патшалығы тұратын ғимараттар салып бергені белгілі. Қазір ауыл іргесіндегі бұл қоныста ханымның тұрғын үйі, мешіт, медресе, диірмен және шаруашылық құрылыстары кіретін Шоқан Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық музей-усадьбасы орналасқан.

Сәрсенбай осындай киелі орындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте оқыды. Бұл – тарихы тереңге кететін мектеп. Келесі жылы ашылғанына 100 жыл толады екен. Заманында аудандағы ірі мектептің бірі болған. Мұғалімдері де сайдың тасындай педагогтар болыпты. Содан да болар, бұл мектепте білім алған небір айтулы тұлға жетерлік. Солардың арасынан Шота Уәлиханов – сәулетші, Қазақстан сәулетшілер одағы басқармасының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бірнеше ірі ғимараттардың, 20 монумент пен ескерткіштің (басқалармен бірге) авторы, оның ішінде Тоқаш Бокин, Шоқан Уәлиханов ескерткіштері, Алматыдағы Тәуелсіздік монументі (1996), Қазақстан елтаңбасының дизайны (1996); Қажахмет Балахметов – Қазақ КСР Оқу-ағарту министрі (1974-1987 жылдар); Кәкімбек Салықов – көрнекті ақын, Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Кеңестер Одағы Жоғарғы кеңесі экология комитетінің төрағасы, Жоғарғы кеңестің Президиум мүшесі; Аманолла Рамазанов – Шымкент және Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы; Абай Байкенжин – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Астанадағы «Ұлттық ғылыми медициналық орталығы» АҚ (ҰҒМО) бас директоры; Марат Нұрғожин – техника ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ Президенті Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ Басқармасының төрағасы; Кенжеболат Хаиров – «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС бас директоры, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ бас директорының орынбасары (2006 жылдан) және тағы басқа халқымыздың көптеген ардақты ұл-қыздары шыққан.

Міне, осындай республика, қала берді шетелдерге танымал тұлғалар шыққан мектепте оқып жүргенде-ақ Сәрсенбай өзінің алғырлығымен көзге түседі. Мұның бір мәнісі мынада. 1979-1985 жылдар аралығында мектеп директоры З.Атығаеваның ұйымдастырушылық қабілеті арқасында мектеп жанынан құрылған оқушылардың өндірістік бригадасына бөлінген жер аумағы 5 гектардан 50-ге дейін жеткізіледі. Ол кісінің табандылығымен шаруашылық тарапынан 3 трактор бекітіліп, мектептің қарамағына КАВЗ автобусы беріледі. Осы жағдайлар барысында ауыл жанындағы Құмдыкөл жағалауынан жазғы еңбек және демалыс лагері ұйымдастырылып, типтік үлгідегі ғимараттар салынады. Оны көп жыл машинатану пәнінің мұғалімі С.Мұханбеталин басқарыпты. Серік Нұрмұханұлы былай деген еді: «Жазғы еңбек лагерінде 3 мұғалім-тәрбиеші кезекшілік атқарып, 2 аспазшы мен бір күзетші еңбек етті. 8-10-класс балаларынан құрылған бригадалар өз алқаптары мен жылыжайларында картоп, қырыққабат, қызылша, сәбіз, қияр, қызанақ және пияз өсірді. Өнімнің барлығы мемлекетке, сондай-ақ жергілікті қоғамдық тамақтандыру және азық-түлік қызметі кәсіпорындарына жөнелтілді. Одан бөлек, бір табын тайынша мен бір отар тоқтыны бағып-күтіп, олардың жүнін қырқу, купкаға түсіру оқушылардың мойнында болды.

Тағы бір айтпағым, лагерьде жүргенде Сәрсенбайдың тағы да көзге түскені бар. Жоғарыда айтқандай, олардың қарамағындағы бір табын тайынша мен бір отар тоқтыны бағып-күтіп, жақсы жетістіктері үшін 1983 жылы оқушылардың еңбек бірлестіктерінің облыстық слетіне қатысып, еңбегі еленіп 2-орын алды. Міне, Сәрсенбайдың сол заманнан қалыптасқан еңбекқорлығы, малға деген көзқарасы кейін оның мал дәрігерлік мамандығын таңдауына әсер еткен болар деп ойлаймын».

Расында, үйдегі ірі қара мен ұсақ малды бала кезінен күтіп-бағуға машықтанған, оның арасында жазғы еңбек және демалыс лагерінде де кәнігі мал өсірушілердің «мектебінен» өткен талапты жас, 1984 жылы мектепті бітірген соң ата-анасының рұқсатын алып, Целиноград қаласына келіп, ауыл шаруашылығы институтындағы мал дәрігерлігі мамандығына құжаттарын тапсырады. Сол жылы қабылдау комиссиясы талапкерлерге «жеңілдік» жасап, тәжірибе ретінде аттестаттағы орташа бағасы 4,5 болған студенттерге төрт пәннің орнына екі сабақтан ғана емтихан тапсыруға мүмкіндік беріп, біреуінен 5, екіншісінен 4 алса, яғни 9 балл жинаса, студенттер қатарына қабылдайтын ереже енгізеді. Мұндай сынақ Сәрсенбайдың оң жамбасына дөп келіп, қиналмай-ақ тапсырып, студент атанады. Алайда көп ұзамай, келесі жылы оны Кеңес Армиясы қатарына шақырып, әскери борышын өтеуге аттанады. Алдымен сержанттар мектебінде оқып, әрі қарай әскери қызметін Моңғолияда жалғастырып, 1987 жылы елге оралды.

Студенттер қатарына қайта оралған ол оқуға құлшына кіріседі. Институт оқытушылары да сайдың тасындай еді. Оған, әсіресе, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, паразитолог ғалым Н.Қадыров, анатомия және гистология кафедрасының оқытушысы Т.Боранова, микробиология кафедрасының оқытушылары А. Дмитриев, М. Никишова жүргізген сабақтар қызықты әрі мазмұнды болатын. Ветеринариялық микробиология, вирусология, эпизоотология бойынша сабақтар да көңілінен шығатын. 3 курстан микробиология және вирусология пәндері бойынша студенттік үйірмеге қатысып, институттың ғылыми конференцияларында баяндама жасады. Сәрсенбайдың ғылымға деген бейімділігін байқағандықтан, Ұлттық биотехнология орталығы базасында жүргізілген «Бұзаулардың эшерихиозын» зерттеу жобасы бойынша орындаушысы болды. Сонымен бірге Б. Шахманов, Э. Ушакова, А. Танраев, Р.Ибрагимов және басқа оқытушылардың сабақтары да мазмұнды және қызықты өтетін. 1991 жылы бес жылда артта қалып, институтты үздік бітірген С.Әбдірахмановты эпизоотология және паразитология кафедрасының ассистенті қызметіне қабылдайды.

Бір жыл оқытушылықпен айналысқан Сәрсенбай Қадырұлы ғылым жолына бет бұрып, 1992 жылдың қазанынан 1999 жылдың мамырына дейін Жамбыл облысы Қордай ауданы Гвардейский кентіндегі Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты биологиялық қауіпсіздік пробемалары ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеді (аға зертханашы, кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер). Бұл ғылыми мекемедегі оның негізгі қызметі жасаушы өсінділермен, вирустармен коректі орталармен, вакциналық препараттарды дайындау және бақылау технологиясымен жұмыс істеу болады. Осы нституттағы аспирантураны сырттай оқып, бітірген соң 1997 жылы С.Әбдірахманов «Ауески ауруына қарсы жоғары белсенді вирус вакцинасын дайындау технологиясын жасау және оны жануарларды иммунизациялау үшін қолдану» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1999 жылдан бастап Сәрсенбай Қадырұлы өзі білім алған С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне келіп, аға оқытушы, доцент, 2004 жылдан кафедра меңгерушісі, 2018 жылдан декан болып жұмыс істеді. 2009 жылы «Шошқаның классикалық обасы мен Ауески ауруының эпизоотологиялық мониторингі және иммунопрофилактикасы» тақырыбында ветеринарлық ғылымының докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Профессор С.Әбдірахманов 2004-2018 жылдар аралығында 15 жыл кафедра меңгерушісі, 2018 жылдан 2025 - 2026 оқу жылына дейін декан, соңғы жарты жылында университеттің «Жануарлар ғылымы және ветеринария» институтының директоры болып қызмет атқарды. Осы кезеңде кафедра мен факультетте барлық мамандық бойынша магистратура мен докторантура ашылды.

С.Әбдірахманов «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2011» мемлекеттік грантының және «Үздік ғылыми қызметкер-2021» мемлекеттік сыйлығының, сондай-ақ 2024 жылғы жетекші ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болды. 2011 жылы оған «профессор» ғылыми атағы берілді. Оның жетекшілігімен 3 кандидаттық және 3 PhD диссертациясы қорғалды және 30 ғылым магистрі дайындалды.

Профессор С.Әбдірахманов 335 ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде импакт-факторы бар 42 мақала, Қазақстанның өнер табыстарына берілген 21 авторлық куәлік, 7 монография, 27 оқулық пен оқу құралы бар. Хирша индексі – 10.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Ветеринариялық санитария кафедрасының меңгерушісі (2004-2018 жж.) және Мал шаруашылығы ветеринариясы және технологиясы факультетінің деканы (2018-2023 жж.) лауазымында жұмыс істеген жылдары бірнеше нәтижеге қол жеткізді. Кафедра мен факультетте 30-дан астам гранттық жоба, 4 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, 3 халықаралық жоба, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші 3 шаруашылық келісімшарттық тақырып іске асырылуда.

Оның басшылығымен 2018 жылы Қазақстан-Қытай биологиялық қауіпсіздік жөніндегі бірлескен зертханасы құрылды. Зертхана қажетті жабдықтармен жабдықталған және BSL-2 қауіпсіздік стандарты негізінде жұмыс істейді.

Ғалым 2019-2020 жылдары «Агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» басым бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің төрағасы болды. Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы жобасының форсайт сарапшысы (2023), 2001 жылдан бастап Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының сарапшысы, 2014 жылдан бастап Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің сарапшысы, 2012-2018 жылдары Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің сарапшысы қызметін атқарды. 2025 жылдан бастап С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «8D091 Ветеринария» мамандығы бойынша докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің төрағасы атанды.

2026 жыл да ол үшін табысты болды. Наурыз айынан бастап Басқарма мүшесі – зерттеу қызметі жөніндегі проректор лауазымына тағайындалса, көп ұзамай Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланды. Сөйтіп, ғалымдықтың биік шыңына баланатын академик атақты Сәрсенбай Әбдірахманов С.Сейфуллин университеті түлектері арасында бірінші болып қол жеткізді. Бұл оның ғылым саласындағы көпжылғы қажырлы еңбегіне берілген лайықты баға демекпіз.

Сөз соңында бүгінде нағыз кемел шағына келген, тарлан ғалым, ұлағатты ұстаз Сәрсенбай Қадырұлындай парасатты азаматтың Қазақстанның білімі мен ғылымын дамытудағы асқаралы жолында алатын асуы көп, жарқын күндері мол, қызметі жемісті бола береріне сенім зор.

Өмірзақ СҰЛТАНОВ,
Журналистер одағының мүшесі, С.Бердіқұлов атындағы сыйлықтың лауреаты

ӘЛЕУЕТ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



«АРАЛ – КАСПИЙ» МАГИСТРАЛІ: СЫРДА БАСТАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБА

Күрежол – экономиканың күретамыры, өңірлерді өркендетудің маңызды тетігі саналады. Сонымен қатар елдің транзиттік әлеуетін айқындайтын стратегиялық инфрақұрылым ретінде де мәні жоғары. Осы тұрғыдан қарасақ, елімізде қолға алынған «Арал – Каспий» магистралі Қазақстанның көлік-логистика жүйесінде жаңа кезеңнің басталуына негіз болады деп күтілуде.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында еліміздің көлік-логистика саласының маңызы қозғалды. Оның ішінде Президенттің бастамасымен жүзеге асып жатқан Арал мен Каспийдің аралығын қамтитын ауқымды жоба Батыс пен Шығысты жалғап, Қытайдан Еуропаға бағытталған жүк тасымалының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп жоспарланған. Ең бастысы, бұл бастама Сыр өңірінің географиялық орналасуын экономикалық артықшылыққа айналдырып, Қызылорда облысының транзиттік әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге жол ашады.

ТРАНЗИТТІК МҮМКІНДІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Президент биылғы жылдың тамыз айында өңірде бастау алған үш ірі автожол құрылысының маңызына терең тоқталып, «Бейнеу – Сексеуіл» бағытын халықаралық маңызы бар жол ретінде атап өткен болатын. Соның негізінде бұл жобаны «Арал – Каспий» магистралі деп атауды ұсынғаны көпке мәлім.

Негізінен, аталмыш жоба арқылы келешекте Қорғас пен Достық бағытынан келетін жүк ағыны Шымкент, Қызылорда арқылы Сексеуілге жетіп, одан әрі Бейнеу арқылы Каспий жағалауына бағыт алатын болады деп күтіледі.

– Аталмыш көлік дәлізі елдің көлік инфрақұрылымын дамытудың жаңа кезеңіне жол ашады. Бұл бастамалар Қазақстанның транзиттік әлеуетін күшейтіп қана қоймай, өңірлер арасындағы байланысты нығайтып, Шығыс пен Батысты жалғайтын тиімді көлік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазір «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізі мен Транскаспий бағыты арқылы жүк тасымалына сұраныс артып келеді. Қорғас пен Ташкенттен басталған жүк легі Шымкент пен Қызылорда арқылы Сексеуілге тоғысып, одан әрі Ақтау порты арқылы Бакуге бағытталады. Сондықтан аталған жобалар халықаралық логистиканың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Алдын ала есеп бойынша, Қытайдан Еуропаға қатынайтын жол шамамен 1000 шақырымға қысқарып, жүк жеткізу мерзімі үш сағаттан астам уақытқа үнемделеді. Сондай-ақ жүк ағынын 2,5 есеге арттыруға мүмкіндік туады, – дейді бұл жайында «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда филиалы директорының орынбасары Әли Есентай.

Оның айтуынша, бұл жобалардың өңір үшін де маңызы зор. Атап айтқанда, өңірдегі жолдардың өткізу қабілеті артып, көлік қозғалысының қауіпсіздігі жақсарады. Сондай-ақ жүк және жолаушылар тасымалының тиімділігі артып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін береді. Бұл әсіресе туризм мен кәсіпкерліктің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады деп күтілуде.

КҮРЕЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Жалпы, Сыр өңірінің негізгі тірегіне айналатын үш жоба – «Бейнеу – Сексеуіл», «Қызылорда – Сексеуіл» және «Ұлғайсын – Сексеуіл» автомобиль жолдары саналады.



Президент биылғы жылдың тамыз айында өңірде бастау алған үш ірі автожол құрылысының маңызына терең тоқталып, «Бейнеу – Сексеуіл» бағытын халықаралық маңызы бар жол ретінде атап өткен болатын. Соның негізінде бұл жобаны «Арал – Каспий» магистралі деп атауды ұсынғаны көпке мәлім.

Бұл жолдардың әрқайсысының өзіндік атқаратын міндеті айқын. Бірі жаңа көлік бағытын қалыптастырса, екіншісі қолданыстағы жолдың өткізу қабілетін арттырады, үшіншісі өңіраралық байланысты күшейтеді.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда филиалының мәліметіне сәйкес, «Бейнеу – Сексеуіл» автомобиль жолының жалпы ұзындығы – 800 шақырымды құрайды. Оның 182,2 шақырымы Қызылорда облысының аумағынан өтеді. Жоба құны шамамен 195 миллиард теңгеге бағаланған. Екі жолақты екінші техникалық санаттағы бұл жол құрылысы барысында өңір аумағында 32 жол қиылысы, 17 кірме жол, 5 демалыс алаңы, 14 аялдама және 30 су өткізу құбыры салынады деп жоспарланған.

Сонымен қатар «Қызылорда – Сексеуіл» бағыты бойынша 462 шақырым автомобиль жолын қайта жаңғырту да көзделген. Бұл жобаның жалпы құны 832,8 миллиард теңгеге бағаланып отыр. Төрт жолақты бірінші «Б» техникалық санаттағы жол Қызылорда облысына қарасты Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарының аумағын қамтиды. Жоба аясында 9 жол айырығы, 14 көпір және жол бойындағы сервистік аймақтар қарастырылған.

Ал «Ұлғайсын – Сексеуіл» автомобиль жолының жалпы ұзындығы 312 шақырымға тең. Оның 97 шақырымы Қызылорда облысына тиесілі. Өңір аумағындағы құрылыс құны шамамен 234 миллиард теңгені құрайды. Негізінен, бұл жол төрт жолақты бірінші «Б» техникалық санатқа жатқызылады.

– Қазір аталған жобалар бойынша құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр. Мамандар жобалық шешімдерді нақтылап, құрылыс алаңдарында топырақ құрамын зерттеу жұмыстарын қолға алған. Бұл – болашақ жолдың сапасы мен беріктігін қамтамасыз етудегі маңызды кезең. Сонымен қатар жолшылар жекелеген учаскелерде топырақтың үстіңгі қабатын алып, жолдың негізін қалыптастыру жұмыстарына кірісті. Бүгінде үш нысандағы құрылыс жұмыстарына барлығы 535 техника мен 792 адам жұмылдырылған. Құрылыс алаңдарында арнайы техникалар үздіксіз жұмыс істеп, жер төсемін дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бүгінге дейін болашақ автожолдың жер төсемін қалыптастыру үшін шамамен 1 миллион текше метр топырақ төселді, – дейді Әли Есентай.

Әрине, мұндай ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру бірінші кезекте үлкен ұйымдастырушылық жұмысты және сапаға ерекше мән беруді талап етеді. Сондықтан құрылыс барысында жобалық талаптардың сақталуына, жолдың беріктігі мен ұзақмерзімді пайдаланылуына басымдық беріліп отыр. Алдағы уақытта негізгі құрылыс кезеңдері жалғасып, жобалар белгіленген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады деп күтілуде дейді сала маманы.

ӨҢІР ҮШІН ДЕ ПАЙДАСЫ ОРАСАН

Ауқымды жобаның тиімділігі тек халықаралық жүк тасымалының көлемімен өлшенбейтіні белгілі. Бұл ретте өңір тұрғындарының күнделікті өміріне, кәсіпкерлікке, туризмге және әлеуметтік-экономикалық дамуға да пайдасы ұшан-теңіз.

Осы тұрғыдан алып қарағанда бұл жобалардың Қазалы мен Арал аудандары үшін маңызы ерекше деп айтуға болады. Қос өңірдің географиялық орналасуы мен табиғи-туристік әлеуетін ескерсек, жаңа жолдар кәсіпкерлікті дамытуға, қызмет көрсету саласын кеңейтуге және туристік бағыттарды жандандыруға ықпалы зор болатынын айта кеткен абзал.

Атап айтқанда, бұл жобалар аясында аталмыш аудандардың жол бойындағы сервистік орталықтары, демалыс орындары, жанармай құю бекеттері мен қоғамдық тамақтану нысандары жаңа кәсіпкерлік бастамаларға жол ашатыны аңғарылады. Ал бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының құрылуына және жергілікті халықтың табысының артуына әсер етері сөзсіз.

Жалпы стратегиялық жобаға жүктелген жауапкершілік жүгі жеңіл емес. Ең бастысы, Мемлекет басшысы жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Яғни жоспар бойынша құрылыс жұмыстары 2029 жылдан кешіктірілмеуге тиіс. Бұл – мердігерлер мен жауапты мекемелерге жүктелген үлкен міндет.

Қорыта айтқанда, Сырдан бастау алған стратегиялық жоба Қазақстанның халықаралық логистика нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратын маңызды қадам ретінде бағаланып отыр. Күрежол Транскаспий халықаралық көлік бағытының мүмкіндігін кеңейтіп, еліміздің Еуразия кеңістігіндегі транзиттік рөлін күшейтеді деп күтілуде. Ал Сыр өңірі үшін бұл жоба транзиттік әлеуетті экономикалық табысқа айналдырудың, ауданаралық байланысты жақсартудың және жаңа кәсіпкерлік мүмкіндіктерін қалыптастырудың жолы ретінде жоғары маңызға ие.

АЙМАҚ

14 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

SOS: СӘН ҮШІН ТҰРҒАН ТҮЙМЕ МЕ?

Бүгінгідей цифрлық дәуірде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түрлі қондырғы қолданылады. Соның бірі – SOS жедел шақыру батырмасы. Дамыған елдерде бұл батырма талай қылмыстың алдын алып жатқанын байқауға болады. Ал бізде SOS батырмасы қашан қолданысқа енді, нәтижесі қандай?

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы



Негізі, аталған жүйе Smart City жобасы аясында 2021 жылдан бастап Тараз қаласына қойыла бастаған. Алайда кейінгі бес жылдың бедерінде осы SOS дабыл түймесі арқылы қылмыскердің ұсталғанын естімедік. Жамбыл облыстық Полиция департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, бүгінде Тараз қаласына мұндай 10 дабыл батырмасы орнатылған екен.

– Қазір шаһардағы 10 батырманың 8-і жұмыс істеп тұр. Ал қалған екеуі түрлі ақауға байланысты істен шыққан. Алайда қазір жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Негізі, аталған батырмалар саябақтарға, халық көп жиналатын жерлерге және көше қиылыстарына қойылған. SOS батырмасының ерекшелігі – дабыл түймесін басу арқылы тұрғындар полициямен байланысып қана қоймай, қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық туралы хабар бере алады, – деді департаменттің баспасөз қызметі.

Әрине, бұл – құп көретін жоба. Бірақ дабыл батырмалары іске қосылған 5 жылдың бедерінде SOS арқылы полицияға бірде-бір шақырту түспепті.

– Негізі, халық аталған батырмаларды күнделікті көргенімен, оған жүгінгісі келмейтін секілді. Департамент тарапынан қанша түсіндірме жұмыстары жүргізілсе де, тұрғындардан шақырту түспеді. Бұл – қылмыстық әрекеттер жоқ деген сөз емес. Турасы, халықтың әлі де болса цифрлық сауаттылығы төмен болып тұр, – дейді департамент мамандары.

Қала тұрғыны Нұрбек Досболовтың айтуынша, жергілікті полиция қызметі тарапынан ақпараттық түсіндіру жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмегендіктен тұрғындар дабыл батырмасын көргенімен, оның қызметін мүлде білмейді.

– Бұрын осындай жедел көмек шақыруға арналған құрылғылардың дамыған елдерде болатынын естітінбіз. Кейін өзімізде де орнатылып жатқанын көріп қуанғанмын. Әрине, халық көп жиналатын орындарда ұрлық, бұзақылық сынды қылмыстар болып жатады. Өзім де сол құрылғыны 3-4 жерден көрдім. Алайда оның қызметіне жүгініп, пайдаланып көрейік дейтіндерді байқаған емеспін. Тіпті кей адамдар қалада осындай батырмалардың бар екенін білмейтін де болуы ықтимал. Мұның басты себебі – құқық қорғау қызметкерлерінің ақпараттық түсіндіру жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізбеуінде, – дейді қала тұрғыны.

Ал шаһар тұрғыны Алдияр Аспанбеков SOS батырмасының қызметін өзі тексеріп көріп, көңілі толмағанын айтады.

– Қаладағы бұзақылықтар мен қылмыстардың алдын алу үшін осындай құрылғылардың орнатылып жатқанын өте қолдаймын. Алайда бұл батырмалар туралы көп адам біле бермейді. Одан бөлек, дабыл түймелерінің жеделдігі де аса көңіл көншітпейді. Бұған батырмаларға өзім жүргізіп көрген сынақ тәжірибесі барысында көзім жетті. Мәселен, түймені басқан сәтте орталыққа қоңырау шалынғанымен, дауыс біресе жаңғырып, біресе қарлығып жөнді естілмейді. Содан соң оператор байланысушы азаматтың жеке деректерін тәптіштеп, қайта-қайта сұрай береді. Сөйтіп тұрғанда, кемінде 3-5 минут уақытың өтіп кетеді. Шынымен, батырмалардың тиімділігін көргіміз келсе, оларды кеңінен насихаттап, жұмысының жылдамдығын да жүйелі жолға қойғанымыз жөн, – дейді Алдияр.

Бұған қатысты Полиция департаменті өкілдерінің айтар өз уәжі бар.

– Аталған құрылғы бойынша жұртшылыққа жергілікті телеарналар және Instagram, Facebook әлеуметтік желілері арқылы толықтай түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ олардың жұмысы да ұдайы зерделеніп, ақаулары да дер кезінде жөнделуде, – дейді департамент мамандары.

Әрине, тұрғындар неғұрлым өздерін қауіпсіз сезінсе, соғұрлым қолайлы орта қалыптасатыны анық. Алайда бес жылдың ішінде SOS батырмасы арқылы полиция бөліміне бірде-бір шақырту түспегені ойландырады. Сондай-ақ тұрғындар дабыл батырмасы мен дауыстық хабарлама жіберетін түймеге балалардың бойы жетпейтіндігін айтып та шағымданады. Сондықтан құзырлы сала мамандары құрылғының жұмысын жұртшылыққа жіті түсіндіріп, батырма түймелерін де оңтайлы еткендері абзал. Әйтпесе, бұл миллиондаған теңгенің желге ұшқанымен пара-пар.

«Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі өткізілген конкурстардың нәтижелері бойынша төмендегіні хабарлайды:

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы учаскелер, оның ішінде:

Шалқар филиалы:

№22 лот – «№ 3 демалыс аймағы» (жағалай учаскесі) объектіні орналастыру, алаңы 0,3 га, орналасуы – Ақан сері атындағы орманшылығы, 47 орам, 63 телімі, Шалқар к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Арқа санаторийі» АҚ.**

№23 лот – «№ 1 демалыс аймағы» (жағалай учаскесі) объектіні орналастыру, алаңы 0,9 га, орналасуы – Шалқар орманшылығы, 2 орам, 1 телімі, Шалқар к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Aperio tour» ЖШС.**

№29 лот – «Кемпинг аймағы» объектіні орналастыру, 1,5 га, орналасуы – Шалқар орманшылығы, 1 орам, 2,3,6 телімдері, Шалқар к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Курсарин» ЖК**.

№40 лот – «№ 2 демалыс аймағы» (жағалай учаскесі) объектіні орналастыру, алаңы 0,9 га, орналасуы – Шалқар орманшылығы, 2 орам, 1,3 телімі, Шалқар к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Тұмар-2710» ЖШС.**

№43 лот – «№ 4 демалыс аймағы» объектіні орналастыру, алаңы 1,34 га, орналасуы – Шалқар орманшылығы, 1 орам, 10, 47 телімдері, 2 орам, 1, 2 телімдері, Шалқар к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Cement Snab Kokshe» ЖШС.**

Ақмола облысы Зеренді ауданындағы учаскелер, оның ішінде:

Зеренді филиалы:

№17 лот – «№2 Кемпинг» объектіні орналастыру, 0,5 га, орналасуы –Зеренді орманшылығы, 267 орам, 24, 39, 40 телімдері, Зеренді к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Ауған соғысының ардагерлер одағы» ҚҚ.**

№18 лот – «№1 Демалыс аймағы» (жағажай учаскесі) объектіні орналастыру, 1,4 га, орналасуы – Зеренді орманшылығы, 267 орам, 24, 38, 39, 40 телімдері, Зеренді к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Азамат» ЖК.**

№19 лот – «№3 Демалыс аймағы» объектіні орналастыру, 1,18 га, орналасуы – Зеренді орманшылығы, 117 орам, 5, 7 телімдері, 88 орам, 1, 2 телімдері. Конкурстың жеңімпазы – **«Парус БСО» ЖК.**

№21 лот – «№5 Демалыс аймағы» объектіні орналастыру, 1,1 га, орналасуы – Зеренді орманшылығы, 88 орам, 1, 2, 6 телімдері. Конкурстың жеңімпазы – **«Парус БСО» ЖК.**

№38 лот – «№2 Қазақ ауыл» объектіні орналастыру, 1,5 га, орналасуы – Зеренді орманшылығы, 59 орам, 10 телімі. Конкурстың жеңімпазы – **«Гульмира» ЖК.**

№39 лот – «№3 Глэмпинг» объектіні орналастыру, 0,7 га, орналасуы – Зеренді орманшылығы, 117 орам, 1, 2, 5, 6 телімдері, Зеренді к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Парус БСО» ЖК.**

№42 лот – «№2 Демалыс аймағы» (жағажай учаскесі) объектіні орналастыру, 1,3 га, орналасуы – Зеренді орманшылығы, 267 орам, 24, 39, 40 телімдері, Зеренді к. жағалауы. Конкурстың жеңімпазы – **«Курсарин» ЖК.**

Республиканское государственное учреждение «Государственный национальный природный парк «Кокшетау», по результатам проведенных конкурсов сообщает следующее:

Участки в Айыртауском районе Северо-Казахстанской области, в т.ч.:

Шалкарский филиал

Лот №22 – размещение объекта «Зона отдыха №3 (пляжный участок)», площадь 0,3 га, местонахождение – лесничество им.Акан сері, квартал 47, выдела 63, берег оз. Шалкар. Победитель конкурса **АО «Санаторий Арка».**

Лот №23 – размещение объекта «Зона отдыха №1(пляжный участок)», площадь 0,9 га местонахождение – Шалкарское лесничество, квартал 2, выдела 1, берег оз. Шалкар. Победитель конкурса **ТОО «Aperio tour».**

Лот №29 – размещение объекта «Кемпинговая зона», площадь 1,5 га местонахождение – Шалкарское лесничество, квартал 1, выдела 2, 3, 6, берег оз.Шалкар. Победитель конкурса **ИП «Курсарин».**

Лот №40 – размещение объекта «Зона отдыха №2 (пляжный участок)», площадь 0,9 га местонахождение – Шалкарское лесничество, квартал 2, выдела 1, 3, берег оз. Шалкар. Победитель конкурса **ТОО «Тұмар-2710».**

Лот №43 – размещение объекта «Зона отдыха №4», площадь 1,34 га местонахождение – Шалкарское лесничество, квартал 1, выдела 10, 47, квартал 2, выдела 1, 2 берег оз. Шалкар. Победитель конкурса **ТОО «Cement Snab Kokshe».**

Участки в Зерендинском районе Акмолинской области, в т.ч.:

Зерендинский филиал:

Лот №17 – размещение объекта «Кемпинг №2», площадь 0,5 га, местонахождение – Зерендинское лесничество, квартал 267, выдела 24, 39, 40 берег оз. Зерендинское. Победитель конкурса **ОО «Союз ветеранов войны в Афганистане».**

Лот №18 – размещение объекта «Зона отдыха №1» (пляжный участок), площадь 1,4 га, местонахождение – Зерендинское лесничество, квартал 267, выдела 24, 38, 39, 40 берег оз.Зерендинское. Победитель конкурса ИП «Азамат».

Лот №19 – размещение объекта «Зона отдыха №3», площадь 1,18 га, местонахождение – Зерендинское лесничество, квартал 117, выдела 5,7 квартал 88, выдела 1, 2. Победитель конкурса **ИП «ДОЦ Парус».**

Лот №21 – размещение объекта «Зона отдыха №5», площадь 1,1 га, местонахождение – Зерендинское лесничество, квартал 88, выдела 1, 2, 6. Победитель конкурса **ИП «ДОЦ Парус».**

Лот №38 – размещение объекта «Қазақ ауыл №2», площадь 1,5 га, местонахождение – Зерендинское лесничество, квартал 59, выдел 10. Победитель конкурса **ИП «Гульмира».**

Лот №39 – размещение объекта «Глэмпинг №3», площадь 0,7 га, местонахождение – Зерендинское лесничество, квартал 117, выдела 1, 2, 5, 6. Победитель конкурса **ИП «ДОЦ Парус».**

Лот №42 – размещение объекта «Зона отдыха №2», (пляжный участок) площадь 1,3 га, местонахождение – Зерендинское лесничество, квартал 267, выдела 24, 39, 40, берег оз.Зерендинское. Победитель конкурса **ИП «Курсарин».**

АЛАШТАНУШЫ GLOBAL ELM AWARD СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

Биыл 9 қарашада Аланияда Дүниежүзілік журналистер кеңесінің (Küresel Gazeteciler Konseyi – KGK) VI мәжілісі аясында Küresel Başari Ödülleri – Ғаламдық жетістік сыйлығымен марапаттау рәсімі өтті. Осы кеште алаштанушы ғалым Сұлтан Хан Жүсіп ғылым саласындағы Ғаламдық сыйлығы – Халықаралық Küresel Bilim Ödülü сыйлығын алды.

Жиында Косовоның экс-президенті Вьоса ханым Османи, түркиялық танымал футбол бапкері Фатих Терим, TRT Avaz, Corendon Airlines компанияларының өкілдері мен 32 мемлекеттің журналистері бір сахнаға жиналды. Ғылым саласындағы Ғаламдық Global Elm Award сыйлығы қазақ ғалымы Сұлтан Хан Жүсіпке тапсырылды. Бұл көп сыйлықтың бірі емес, XX ғасыр басындағы Алаш тарихын қалпына келтіру ісіне сарп еткен саналы ғұмырына деген қошемет.

Сұлтан Хан Жүсіп (Аққұлы) – Қазақстанның XX ғасыр басындағы Алты Алаштың шынайы тарихына қызығатын азаматтарға көптеген ғылыми еңбегімен жақсы таныс ғалым. Ол Ресей, Беларусь, Чехия және Қазақстанның мұрағат, кітапхана, мұражайларынан, олардың ішінде КСРО мен Қазақ КСР Мемлекет қауіпсіздігі комитеті (КГБ), Ресей Федерациясының Федералдық қауіпсіздік қызметі мен Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағаттарын ондаған жыл зерттеп, Алаштың баға жетпес бай мұрасын, оның ішінде көзі тірісінде аты аңызға айналған Алты Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның мұрасын тірнектеп жинап, халыққа қайта ұсынды. Бұл қомақты еңбек әлемдік бағасын алды.

Алания қаласында, 32 елден жиналған 350 журналистің алдында қазақ ғалымының есімі президенттер, дипломаттар, қоғам қайраткерлері



мен тағы басқалардың есімімен қатар аталды. Осыған дейін Қазақстаннан Ғаламдық жетістік сыйлығымен әр жылдары қоғам және мемлекет қайраткері, скрипкашы, профессор Дүйсен Қасейінов (2022), тұңғыш қазақ ғарышкері, Қазақстанның Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров (2024) және әйгілі домбырашы, күйші, өнертанушы, профессор Жанғали Жүзбай (2025) марапатталған болатын.

Ғылымдық жетістік сыйлығын (Küresel Başari Ödülleri) Бүкіләлемдік журналистер кеңесі Ысмайыл Ғаспыралы атындағы академияның қорымен бірлесіп тағайындады.

ЖАМБЫЛДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ КЕШ ӨТТІ

Алматыда Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған концерт өтті.

Кеште Ерболат Шалдыбеков, Гүлниза Жұмажанова, Перизат Тұрарова, Күнсұлу Түрікпен, Аяулым Қамажан, Перизат Омарбекова, Біржан Айтахмет, Мақпал Тоқтағанова сынды өнерпаздар мен Gulder ансамблі өнер көрсетті. Сонымен қатар композитор Ермұрат Үсеновтің «Жамбылға арнау» атты жаңа шығармасы «Астана сазы» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблінің орындауында алғаш рет көптің назарына ұсынылды.

Кеш барысында Жамбыл Жабаевтың «Жиырма бес», «Сарыбайға», «Қайта келген жастық», «Жаз», «Алғадай», «Ақындарға арнау», «Үгәй-үгәй» шығармалары, сондай-ақ ақын нұсқасындағы «Қыз Жібек» пен «Көроғлы» жырларынан үзінділер орындалды. Көрермендер Жамбыл мен Айкүмістің айтысынан да үзінді тамашалады.



Концерт бағдарламасына Сүйінбай Аронұлының, Қабан жыраудың, Кенен Әзірбаевтың, Төлеген Момбековтің, Латиф Хамидидің, Шашубай Қошқарбаевтың, Нартай Бекежановтың, Майасар Жапақовтың және Қалқа Жапсарбаевтың шығармалары да енді.

Дайындаған Айсұлу СЪЕЗХАН



ҚОС ЖҮЛДЕ ЕНШІЛЕДІ

Мәскеуде «Бриллиантовая бабочка» ашық Еуразиялық киносыйлығын екінші рет табыстау рәсімі өтті. Қазақстандық киногерлер екі аталым бойынша жеңімпаз атанды.

Режиссер Думан Еркімбектің Qaitadan фильмінде басты рөлді сомдаған Жасұлан Көпберген «Үздік актер» деп танылды. Ал Фархат Шариповтың «Эвакуация» фильміндегі жұмысы үшін Александр Плотников «Үздік оператор» марапатын алды.

Qaitadan – Думан Еркімбектің алғашқы толықметражды фильмі. Туындыны Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық кинony қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен Dala Cinema кинокомпаниясы түсірген. Бұл – мемлекеттік қолдаумен түсірілген отандық фильмдердің ішінде прокаттағы табысы 1 млрд теңгеден асқан алғашқы туынды. Фильмде ауылға келген қалалық жігіттің уақыт тұзағына түсіп, бір оқиғаны қайта-қайта бастан кешуі баяндалады. Туындыда жауапкершілік, жанашырлық пен ұрпақтар сабақтастығы тақырыбы қозғалады.

«Эвакуация» тарихи драмасын Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы түсірген. Фильм Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға көшірілген адамдардың тағдырын баяндайды. Туындының режиссері, сценарий авторы әрі продюсері – Фархат Шарипов.

Киносыйлыққа үміткерлердің қорытынды тізіміне министрлік пен Кино орталығының қолдауымен түсірілген Әділ Мерекенің «Күзгі самал» және Гүлшат Смағұлованың «Шатырдағы екеу» фильмдері де енді.

Биылғы байқауда 19 елден 41 фильм сынға түсті. Жеңімпаздар 12 аталым бойынша анықталды.

БАСПАСӨЗ-2027

AIQYN

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2027 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
			Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 – AIQYN	6 ай 12 ай	18 204,60 36 409,20	13 643,46 27 286,92
			Қала	Ауыл
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	9 741,30 19 482,60	9 393,42 18 786,84

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕККЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4811
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ, Ербол ТҰРЫМБЕТ